Тексерілді : ____________
Әдіскер:

Бекітемін ____________
Ақсай қ. №8 «Өркен» бөбекжайының меңгерушісі: Л.Б Абдрахманова

**Батыс Қазақстан облысының мектепке дейінгі ұйымдарындағы «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы бағытындағы Ақсай қаласының №8 «Өркен» бөбекжайының «Жас ғалымдар» эксперимент алаңының вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі**

2021-2022 оқу жылы

| **Апта күндері топтар** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Бәйтерек» ересек тобы | | | | 15:30- 15:50 | | апталық көлемі – 1 ұзақтығы – 20-25мин |
| «Балапан» ересек тобы | | 15:30- 15:50 | | | | апталық көлемі – 1 ұзақтығы – 20-25мин |
| «Балапан» мектепалды даярлық тобы | | 15:30- 15:55 | | | | апталық көлемі – 1 ұзақтығы – 25-30мин |

Тексерілді : 
Әдіскер:

Бекітемін
Ақсай қ. №8 «Өркен» бөбекжайының меңгерушісі: Л.Б Абдрахманова

**Батыс Қазақстан облысының мектепке дейінгі ұйымдарындағы «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы бағытындағы Ақсай қаласының №8 «Өркен» бөбекжайының «Жас ғалымдар» эксперимент алаңының жоспары**

**Жұмысты жоспарлау мерзімі:**
**Қыркүйек 2021 ж.- мамыр 2022 ж.**

**Құрастырған:**
Әдіскер Аманшиева С.Ш.

**Шығармашылық топ:**
Меңдібаева Л.Б.
Тулешева А.Ж.
Балгабаева Ж.Ж.
Алимгалиева А.Е.

**Ақсай – 2**

**Балалардың іздестіру-зерттеу қызметін ұйымдастыру бойынша ересек топта жүргізілетін эксперимент алаңының тақырыптық жоспары**

| Айы | Эксперименттік қызмет бағыты | Ойын-эксперименттерінің тақырыптары | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 апта | 2 апта | 3 апта | 4 апта |
| **Қыркүйек** | Құммен, сумен тәжірибе | Сиқырлы сүзгі | Зымыран қайық | Түрлі түсті құм | Суда не ериді |
| **Қазан** | Құммен, саз бен таспен тәжірибе | Табиғаттағы құм. Құмның қасиеті. | Әр түрлі тастан өз үйі | Таспен саздың пішінін өзгертуге бола ма? | Сиқырлы құралдар |
| **Қараша** | Заттармен тәжірибе | Қандай заттар жүзеді? | Сиқырлы магниттер | Шар жайлы бәрін өзің біл | Резеңке, менің көңілді добым. |
| **Желтоқсан** | Ауамен тәжірибе | Ауа жұмыс жасайды | Ауа қасиеттері | Әуе шарын қалай тесуге болады? | Сабын көпіршіктері |
| **Қаңтар** | Сумен тәжірибе | Су қайда? | Сыңғырлаған су | Таза су | Боялған су |
| **Ақпан** | Өсімдіктер | Өсімдіктер нені жақсы көреді? | Өсімдіктер немен қоректенеді? | Адауыш тұқымдар | Жарыс |
| **Наурыз** | Адам | Тынысалу кезіндегі судың жоғалуы | Тілдін дәм білгіш зоналары | Иіспен анықтау | Дауыс қайдан шығады? |
| **Сәуір** | Дыбыспен тәжірибе | Неге бәрі естіледі? | Жанғырық қайдан шығады? | Ән шырқау. | Сымсыз телефон |
| **Мамыр** | Күнмен тәжірибе | Ақ пен қара | Бәрі жарық, күн сәулесі | Кемпірқосақ | |

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 07.09.2021ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Сиқырлы сүзгі»
Мақсаты: Балалар құм туралы суреттеп бере алады. Құмның қасиетін анықтап, эксперимент жасау арқылы сусымалы қасиеті бар екенін анықтай алады.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер: 4К: коммуникативтілікті дамыту, креатив, сыни ойлау, «Бала үні» саралау-ресурс түрі, тәжірибе
Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: Құмның түрлерін сипаттау
Көрнекіліктер: Құм, қажетті құралдар.
Қостілдік компонент: құм-песок

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық –қозғаушы | Шаттық шеңбері:<br>Қайырлы таң досым<br>Қайырлы күн болсын<br>Сәрсенбінің сәті<br>Сәттілікке толсын<br>Біздің балабақшамыз<br>Қуанышқа толсын.<br>Ал енді бүгінгі күнге, бір-бірімізге деген ыстық лебіздерімізді айтып білдірейік.<br>4К: Коммуникативтік дағдыларды дамыту, «Бала үні» | Балалар шаттық шеңберін құрып өлең жолдарын айтады.<br>Бір-біріне деген ыстық лебіз тілектерін айтып, достық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Балалар бүгінгі біздің оқу қызметіміз ерекше болмақ. Мынау менің қолымда қапшық. Оның ішінде не бар екенін білесіңдерме? Ұстап байқап көріңдерші!<br>-Қапшықтың ішінде не бар деп ойлайыңдар?<br>4К: сыни ойлау, коммунмкативтілікті дамыту, «Бала үні»<br>-Балалар, бұл құм. Бүгінгі біздің оқу қызметіміз осы құм туралы. Біз құмның қасиетімен және одан сурет салу әдісімен мүсіндеумен танысамыз. Ал енді мұнда отырып орнымызға жайғасайық.<br>Балалар құммен танысып қасиетін анықтау үшін тәжірибе жұмысын жасаймыз. Алдымен қауіпсіздік ережесін есімізге түсірейік.<br>Құм туралы түсінік беру.<br>Балалар құм ақ, сары, қоңып, қызыл, қара болады. құм –-ұсақ түйірлі борпылдақ шөгінді.<br>Тау тастарының үгінділерінен пайда болады.<br>Бұл құм бірнеше топтарға бөлінеді: көлдік, теңіздік, шөлді, желдік.<br>Құм бойына заттарды жеңіл сіңіреді.<br>Ал енді осы құмның қасиетін анықтау үшін тәжірибе жұмысын жүргізейік.<br>Тәжірибе: құм жылы, ылғалды, сусымалы, шашырағыш.<br>Қолымызға сиқырлы сүзгімізді алып, құмды салайықшы, не байқадық?<br>Сұрақ -жауап:<br>-құм неліктен алақанымызда тұрмайды? | Балалар қапшықты ұстап көреді.<br>Балалардың ойларын ашық айту іскерліктері дамиды.<br><br>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>1.Құмды ауызға салуға болмайды.<br>2.Құмды бір-біріне шашуға болмайды.<br>3.Лас қолмен көзді сүртуге болмайды<br><br>Құм сүзгіден өтіп кетті<br><br>Сұрақтарға сыни тұрғыда ойланып, өзіндік ойларын ортаға салу дығдылары қалыптасады.<br><br>сергіту жаттығуын орындайды.<br><br>Балалар көздерін жұмып, елестетіп, қиялдарына |

| | | |
|---|---|---|
| | -құмның белгілі бір пішінге келтіруге болады ма?<br>4К:коммуникативтілікті дамыту, сыни ойлау, «Бала үні»<br>Сергіту сәті<br>Балаларды құммен сурет салуды таныстыру.<br>Тыныштық сәт. Баяу әуен қойылады.<br>Балалар көзімізді жұмайық, көз алдымызға теңіз жағалауында демалып жүргенімізді елестетейік көзімізді ашайық, енді кім не көрді?<br>Ал енді осы көргенімізді құм бетіне сурет етіп салайық.<br>4К: креатив, комминикативтілікті дамыту, «Бала үні»<br>Саралау-ресурс түрін қолдана отырып, дымқыл құмдардан қалақшалармен мүсін жасату.<br>Қостілдік компонент: құм-песок | ерік беріп сурет салу дақдылары дамиды.<br>Саралау арқылы, кейбір балалар формаларды құмға толтырып мүсін жасайды. |
| Рефлексивті -коррекциялаушы | Балалар бүгін біз немен таныстық?<br>Құм қандай болады?<br>Құмның қандай қасиеті бар?<br>Құммен не жасадық?<br>Балаларға алғыс айтып мадақтап, оқу қызметін аяқтау. | Балалар сұрақтарға жауап береді. |

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек: Құм туралы суреттеп бере алады
Нені игереді: Құмның қасиетін игереді
Нені меңгереді: Құмнан тәжірибе жасауды

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 14.09.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Зымыран қайық
Мақсаты: Су туралы мағлұмат беру, тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру. Суда жүретін көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру, қайық бейнесін мүсіндей білуді үйрету. Ұсақ қол қимылдарын, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту. Табиғатты сүюге, қоршаған ортаны аялауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Топты қажетті құралдармен дайындау.
Әдіс–тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, зерттеу, сұрақ– жауап.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: Су, стакан, пластмасса ыдыс, әр түрлі формалар,қағаздан жасалған қайық, түтікше, суқұйғыш, ойыншықтар.
Қостілдік құрам: су- вода-water, табиғат- природа –natur, жаңбыр- дождь- rain, қайық-лодка.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Шаттық шеңбер<br>Амансың ба,Алтын күн!<br>Амансың ба,Жер Ана!<br>Амансың ба,достарым!<br>Амансың ба,сендерді көріп қуандымІ | Тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін орындайды. |
| Ізденушілік<br>Ұйымдастыру-шылық | Балалар енді мен сендерге жұмбақ жасырайын. Сендер жауабын дұрыс тапсаңдар,мен сендерге судың қасиеті туралы айтып беремін.<br>Бүгін біз су туралы әңгімелеп және оның қасиеттерімен танысамыз. Біз суды ішеміз, жуынамыз, шомыламыз. Сусыз тіршілік жоқ. Табиғаттың бізге сыйлаған сыйының бірі ол-су.<br>Суды ғаламшарда көк түспен белгілейміз. (Балаларды ғаламшармен таныстыру)<br>*<u>4К. Коммуникативтілікті дамыту.</u>*<br>*<u>Сұраққа жауап беру, ойлау, сөйлеу дағдысы қалыптасады.</u>*<br>-Табиғат дегеніміз не?<br>-Табиғат қандай болады?<br>-Тірі табиғатқа нелер жатады?<br><br>-Өлі табиғатқа ше?<br>Әңгіме жүргізу.<br>Су өмір бойы айналымда болады. Ол қармен , жаңбырмен, жерге түседі, бұлақ болып өзенді құрайды, күн шуағымен бу болып аспанға көтеріледі, жер бетіне жаңбыр болып қайта оралады. (Судың айналымын сызба арқылы тақтадан көрсету,балалардан сызбаны қайтадан сұрау)<br>Адамдарға, жан-жануарларға су өте қажет. Олар сусыз тіршілік ете алмайды. Балалар тазалық сақтау ережесін есімізге түсірейікші.<br>-Сендер далада ойнап келгенде немесе тамақ ішер алдында қолдарыңды немен жуасыңдар?<br>-Жарайсыңдар балалар!<br>-Балалар енді су<br>*<u>4К. Креативтілік.</u>* | Балалар мұхият тыңдайды.<br><br>Бізді қоршаған орта<br>Тірі және өлі<br>Жануарлар,гүлдер, өсімдіктер т.б.<br><br>Тас,тау,су т.б.<br><br>Балалар мұхият тыңдайды<br><br>Сумен<br><br>Қатырып<br><br>Шыныдан жасалған.<br>Су тәрелкенің бетіне жайылып кетті.<br>Су- сұйық.<br>Жоқ. Ол құйған ыдыстың пішінін алады.<br>Балалар қимыл-қозғалыспен орындайды.<br><br>Жаңа сөздің мағынасын |

| | | |
|---|---|---|
| | *<u>Сыни ойлау, өз ойларын анық жеткізе білу дағдысы қалыптасады.</u>*<br>1-тәжірибе. «Тұрақты пішіні жоқ»<br>-Алақандарыңды жайыңдар (алақандарына су құяды,су сырғып ағып кетеді).Суды ұстау өте қиын, ол ағып кетеді.Балалар суды қалай ұстауға болады?<br>Менің алдымда көп ыдыстар тұр.<br>Ол қандай ыдыстар?<br>Суды тәрелкеге құйып көрейік.<br>Не болды?<br>Неге?<br>-Сонымен біз не байқадық? Судың өзінің пішіні бар ма екен?<br>Сергіту сәті «Қайықша»<br>Екі алақан - екі дос.<br>Бұл қайықшам болады,<br>Ақжелкенді іске қос.<br>Биік, биік толқындарда,<br>Көк теңізде жүзіп жүрген,<br>Қайығымыз жүзу үшін<br>Көл де жасап береміз.<br>Сөздік жұмыс: судың қасиеті<br>Билингвальды компонент: су- вода-water, табиғат- природа –natur, жаңбыр- дождь- rain, қайық-лодка.<br>Балалар, алдымыздағы табақшадағы суға қағаздан жасалған қайықтарымызды салайық.<br>Қайық суға баттыма?<br>Қайық не істейді?<br><br>*<u>4К. Сыни-ойлау. Сұраққа жауап беру арқылы логикалық ойлау дағдысы қалыптасады.</u>*<br>2-тәжірибе. «Су түссіз»<br>Бояғышқа су қосу керек. Түс пайда болғанын аңғару. Балаларға суы бар стақан және бояу жағылған таяқшалар арқылы суды балалар бояйды. Судың түсін өзгертуге бола ма екен?<br>3– тәжірибе.<br>Балалар судың дәмі бар жоғын қалай білеміз?<br>Судың дәмі болмайды,суда дәм жоқ | түсінеді.<br>Қайталап айтады.<br><br>Қайықтарды суға салады.<br><br>Жоқ<br>Қайық суда жүзеді<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Болады<br><br>(Ішіп көру)<br>Балалар қуана ойнайды |
| Рефлексивті-түзетушілік | -Балалар бүгін біз не туралы айттық?<br><br>-Балалар,біздер судың әртүрлі қасиеттері бар екенін көз жеткізейік, сонымен қайталап жіберейікші, судың қандай қасиеттері бар?<br>-Су не үшін керек?<br>-Сусыз өмір сүруге бола ма? | Су туралы, судың қасиеттері туралы.<br>Суда дәм жоқ,түссіз, сұйық<br><br>Ішуге,жуынуға т.б.<br>Болмайды. |

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек: Судың қасиеттері мен маңызы туралы.
Нені игереді: Судан тәжірибе жасауды.
Нені біледі: Су өмір бой айналымда болатынын.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызмметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 21.09.2021ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Түрлі -түсті құм»
Мақсаты: Құмның сусымалы, борпылдақ қасиеі барекенін айта біледі.Түрлі -түсті құмнан бейнелер жасай алады.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер: 4К: коммуникативтілікті дамыту, кереатив, сыни ойлау, «Бала үні» сарала-ресурс түрі, тәжірибе
Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: Құмның түрлерін сипаттау
Көрнекіліктер: шағым құмзар әр балаға, түрлі- түсті құм
Қостілдік компонент: түрлі-түстіқұм-разноцветный песок

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық –қозғаушы | Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық,<br>Жүректің жылуын салайық,<br>Таза ауаны салайық,<br>Жиналған бар жылуды,<br>Қонақтарға шашайық! | Балалар шаттық шеңберін құрып өлең жолдарын айтады. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Есік қағылып,топқа ханшайым келеді.<br>*Ханшайым:* -Сәлеметсіңдерме балалар,қонақтар!<br>- Бұл қай топ екен?<br>- Мен ертегі елінен келдім сендермен танысқым келеді.<br>*Ханшайым:* Менің елімде әдемі гүл бағы бар.Онда әдемі гүлдер,өсімдіктер өседі.Бірақ мен ғажайып гүл іздеп келдім.Сендер маған көмектесесіңдерме?<br>*Тәрбиеші:* Ханшайым бүгін біз құм еліне барамыз,жүр бізбен бірге.<br>Жұмысымызды бастамас бұрын, құм туралы білетін мәліметтеріңді айтыңдаршы.<br><u>4К: коммуникативтілікті дамыту</u><br><br>Құм еліне кіру үшін ережесін білу керек:<br>Құмды шашпау.<br>Лақтыруға болмайды<br>Құмды басқа жерге тастауға болмайды.<br>Ешкімді ренжітпеуге болмайды.<br>Балалар құмзарға жақындайық, ыңғайлы тұрыңдар.<br>*«Сәлеметсіңбе құм!» жаттығуы.*<br>-Балалар бүгін бізге қонаққа келген Ханшайымға ғажайып гүлді түрлі-түсті құмнан жасап сыйлайық. (әдіс-тәсілдерін түсіндіру).<br>Әркім ұнаған түсін қолданып, қиялдарындағы гүлді, күнді бейнелеуге болады.<br><u>4К:кретаив, «Бала үні»</u><br>Балалар өз жұмысын еркін тұрып салады.<br>Балалар суретті алақанмен ептеп құм жазу арқылы өшіріп, келесі суретті салуды көрсетеді. | -Ханшайыммен амандасады<br>-«Балапан» тобы<br>Балалар есімдерін айтады.<br>-Әрине ,көмектесеміз.<br><br>- Құм -нағыз кең тараған пайдалы қазба<br>- Құм сусымалы зат<br>Құмды бір орыннан екінші орынға сусытып себуге болады<br><u>Құм туралы білетін мәліметтерін естеріне түсіріп айту арқылы сөздік қорлары дамиды.</u><br><br>Саусақтармен, алақандармен құмды жайып, іздер салу.(балалар өз құмзарларына барады)<br><u>Музыка әуенімен балалар түрлі-түсті құммен гүл,күн, өсімдіктер салуды меңгереді.</u><br><br>Сергіту сәтін орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Тапсырма аяқталған соң құммен жайында әңгімелесу.Балаланың тапсырманы жақсы орындағаны үшін мадақтап, қолдап отырған жөн.(салфетка қолдану)<br>Сергіту сәті(видеомен)<br>Ойын: «Өз түсіңді тап»<br>Мақсаты: қолдарындағы түстерге сәйкес заттарды таба алады.<br>Құрылымдалған ойын<br>Ханшайым рахмет айтып, қоштасады | Бұрын соңды ойнаған ойындарын шартын бұзбай, өз беттерінше ойнай алу қабілеттері дамиды. |
| Рефлексивті - коррекциялаушы | -Кімге қалай көмектестіңдер?<br>-Қай тапсырма ұнады?<br>-Қай тапсырма қиын болды?<br>Қорытындылау | -Ханшайымға, гүл күн жасап |

Күтілетін нәтиже: Құмның сусымалы, борпылдақ қасиеі барекенін айта біледі.Түрлі -түсті құмнан бейнелер жасай алады.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 28.09.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Суда не ериді?
Мақсаты: 1. Судың еріткіш қасиетін тәжірибелер арқылы түсіндіру. Қандай заттың суда еріп, қандай заттың суда ерімейтіні туралы мағлұмат беру;
2. Судың адам үшін маңызын, сусыз тіршілік жоқ екенін дәлелдеу және оқушылардың байқағыштық, танымдық қабілетін дамыту.
3. Суды ластамау, суды үнемдеп пайдалануға тәрбиелеу.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Топты қажетті құралдармен дайындау.
Әдіс–тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, зерттеу, сұрақ– жауап.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: су, тұз, қант, құм, саз, крахмал, ас содасы, бор, плакат
Қостілдік құрам: су-вода, секер-сахар, тұз-соль, құм-песок.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Балалар мен сіздерге жұмбақ жасырамын.<br>Жалт –жұлт етеді,<br>Жылғадан өтеді.<br>Бұл не? | Су. |
| Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық | *4К. Коммуникативтілікті дамыту.*<br>*Тыңдалым, айтылым дағдысы дамиды.*<br>Су жер бетінде көп кездеседі. Сусыз тіршілік жоқ. Жер бетінің 2/3 бөлігін су алып жатыр. Су табиғатта көп. Олар: өзен, көл, мұхит, теңізде бар.<br>Су табиғатта өте жақсы еріткіш.<br>«Судың қасиетін» зерттейміз.<br>1. Тәжірибе «Мөлдір су»<br>Судың түсі бар ма?<br>Олай болса, стақанда не тұр?<br>1-стаканда су –қасық салу.<br>Көріне ме?<br>1-стаканда сүт –қасық салу.<br>Көріне ме?<br>Су қандай екен?<br>Сергіту сәті<br>Қоюланып тағы бұлт<br>Жауды жаңбыр себелеп<br>Жапырақты жамылып,<br>Бұға қалды көбелек.<br>*4К.Командамен жұмыс. «Бала үні»*<br>*Топпен бірігіп жұмыстана білу, бір-бірін тыңдау, қарым-қатынас дағдысы дамиды.*<br>2.Тәжірибе «Судың дәмін өзгерту»<br>Осы мөлдір суда дәмі барма екен?<br>Түтікшемен ішіп көріңдерші.<br>Судың дәмі жоқ болса, біз судың дәмін өзерту үшін қант, тұз, тосапты пайдаланайық.<br>Түсі өзгерді ма?<br><br>1 - топ: Суға қант салып, араластырайық. Қант еріп кетті. Су мөлдір күйінде қалды. Судың дәмі тәтті болды. Қант суда жақсы ериді.<br>2 - топ: Суға бір қасық тұз салып араластыру. Тұз суда еріп кетеді. Су мөлдір күйінде қалды. Судың дәмі ащы болады. Тұз суда жақсы ериді. | Су мөлдір.<br>Сүт және су<br><br>Қасық көрінеді.<br><br>Қасық көрінбейді.<br><br>Балалар стакандағы суларын түтікшемен ішіп, дәмі жоқ екенін айтады.<br>Салған заттардың түсіне байланысты өзгерді.<br><br>Әр бала өз зерттеуі жайлы айтып береді.<br>Қант Суда жақсы ериді<br>Қант салсан су тәтті.<br><br>Тұз Суда жақсы ериді<br>Тұз салған су–ащы<br><br>Құм Суда ерімейді |

| | | |
|---|---|---|
| | 3 - топ: Стакандағы суға құм салып араластыру. Құм қиыршықтары сол қалпында стакан түбінде шөгеді. Құм суда ерімейді.<br>4 - топ: Стакандағы суға саз салып араластыру. Су лайланады. Суды біраз тұндырсақ, саз түбіне шөгеді. Саз суда ерімейді. | Саз Суда ерімейді |
| Рефлексивті-түзетушілік | Балалар бүгін нені зеттедік?<br>Бүгінгі жұмыстарың ұнады ма? | Балалардың жауабы<br>Өте ұнады. |

Күтілетін нәтиже:
Білді: Тәжрибе жасау арқылы судың қасиеттерін білді.
Түсінді: Судың қасиеттерін түсінеді.
Меңгерді: Суда еритін, ерімейтін заттарды меңгерді.

**Әдіскер** Аманк **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 05.10.2021ж

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: Эксперимент алаңы

Тақырыбы: Табиғаттағы құм. Құмның қасиеті

Мақсаты: Құрғақ және дымқыл құмның қасиеті туралы білімдерін кеңейту. Білімдерін қалыптастыру және олармен жұмыс жүргізе білу. Балалардың құмның қасиетін білуге деген өзіндік тәжірибе жасауға білімдерін кеңейту.

Көрнекіліктер: Су ,ыдыстар , стақандар . Құм терапиясы,

Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Топты қажетті құралдармен дайындау.

Әдіс–тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, зерттеу, сұрақ– жауап.

Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: Залалсыздандырылған құм салынған жәшік, құрғақ және сулы құм, тас, су, пластмасса ыдыс, әр түрлі формалар, үлкейткіш, түтікше,сукұйғыш,ойыншықтар.

Қостілдік құрам: Құм-песок, тастар-камни, құрғақ –сухой, сулы-мокрый.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балаларға Дымбілмес келеді. Өзімен бірге шелек алып келіпті. Шелектегі затты қару . | Балалар Дымбілмеске қызығушылық танытады. Шелектегі затты табады. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Дымбілмес әкелген затты зертханаға апару.<br>**4К:коммуникативтілікті дамыту,сыни ойлау, «Бала үні»**<br>**Тәжірбие № 1 : «Шашыраңқы құмының қасиеті»**<br>Құмды ыдыстан –ыдысқа ауыстырып, оның шашыраңқы екенін айту.<br><br>**Тәжірбие №2 « Дымқыл құм»**<br>Құмға су құю, судың қайда екенін табу<br><br>**«Құмдар»** ойын жаттығуы<br>Жел тұрды (айналып бейлейді)<br>Жел басылды(Құмдар жерге қонады.)<br>Бұлттар көтерілді.( Қолдарын көтереді)<br>Жаңбыр жауды.(Иықтарынан ұстап қолшатыр болады.<br><br>. **Тәжірбие №3 «Қандай құм жабысабы?»**<br>2 ыдыстағы құм: шашыраңқы және дымқыл құмды салыстыру. Дымбілмес ойыншықтарын құмға түсіріп алыпты, тауып беруге көмектесейік .<br><br>**Ойын:« Құмға тығылған ойыншықты тауып ал»**<br>Құрылымдалған ойын:<br>«Бала үні»,4К:креатив.<br>**Қостілдік құрам:** құм-песок. | Зертханаға барып , зерттеуге кіріседі.<br>Құмнын ыдыстан-ыдысқа құйылатынын , төксе шашырап қалатынын айту. Ыдыстағы құмға су құю, суды ағызып көру . Су жоқ . Құм суды өз бойына сіміреді.<br><br>Жел сияқты ұшады.<br>Қозғалады.<br>Жаңбыр жауғызады.<br>Сулы құм.<br>Балалар саусақтарымен домалатып күннің сызбасын салады.<br><br>Шашыраңқы құм шашылып қалады , ал дымқыл құм жабысады.<br>Қолдарына құм терапиясын жасау. Ойыншықтарды табу.<br><br>Ойын: «Құмды әріптер»<br>Құмға суреттер, әріптер салу. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Дымбілместін достарына арнап тоқаштар пісіреміз . | Балалар қызығушылықпен тоқаштар жасайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу :** Құрғақ және дымқыл құмның қасиеті туралы
**Болу**: Құм қаситтері туралы білімдерін толықтыру.
**Жасай алу:** Балалардың құмның қасиетін білуге деген өзіндік тәжірибе

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 12.10.2021ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Әр түрлі тастан өз үйі
Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тастың құпиясы туралы білімдерін қалыптасуына мүмкіндік беру. Құрылымын тамашалау, тастарды қасиетіне қарай топтастыру (үлкен,орташа, кішкентай), сырты (тегіс, түрпіленген, бұдырмақты), салмағы (жеңіл, ауыр), жүзгіштігі– суға батады. Танымдық қабілеттерін арттыру.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Топты қажетті құралдармен дайындау.
Әдіс–тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, зерттеу, сұрақ– жауап.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: суреттер жинағы, ыдыстағы су, тастар жиынтығы, тәрелке, ағаш қабығы, үлкен-кішкентай тастар, гуашь бояуы, қылқалам, сулы сүрткіш
Қостілдік құрам: Құм-песок, тастар-камни, құрғақ –сухой, сулы-мокрый.

| Оқу қызметінің кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын.<br>Барлықтарынды шаттық шеңберіне шақырамын.<br>Шаттық шеңбері<br>Қол ұстасып кане біз<br>Достасайық бәріміз<br>Айтарым бар сендерге<br>Қандай жақсы дос болу<br>К тебе я обращаюсь друг<br>Вставай скорее с нами в круг<br>Почуствуй радость и тепло<br>И как с друзьями хорошо | Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | <u>*4К. Коммуникативтілікті дамыту*</u><br><u>*Сөйлеу, ойлау дағдысы дамиды.*</u><br>Балалар, қараңдаршы үстелдің үстінде не жатыр?<br>Қалай ойлайсыңдар бұл қорапта не бар?<br>Онда қорпатың ішіне қолымызды салып, айтайықшы ішінде не бар?<br>Дұрыс айтасыңдар тас.<br>- Дұрыс айтасыңдар. Барлығымыз тақтаға назар аударайық, шынымен де тастар судың астында, жерде болады екен және үлкен тастар да болады екен<br>Қалай ойлайсыңдар, тастар қайдан алынады? Жаңбыр кезінде жартас арасына енген су қыстың күні қаттады және оларды кеңітеді. Жыл сайын жарық үлкейіп отырады сонан соң таудан тас бөліктері сынып түседі.<br>Тастың пайдасы қандай?<br>Билингвальды сыңары: тас – камень - stone,<br>Балалар, біз сендермен бүгін тастарды зерттей аламыз, тастарды зерттейміз.<br>Балалар тасты зерттемек бұрын, қауіпсіздік ережені ескеріп кетейік.<br>Зертхана кірмес бұрын фартук киюміз керек.<br>Зертханада ештенені ауызға салуға болмайды.<br>Зертханада рұқсатсыз заттарды ұстауға болмайды.<br>Жұмыс үстелі таза болып, тәжірибе кезінде тыныштық болу керек.<br>Тасты абайлап ұстауымыз керек,жерге түсіріп алсақ аяғымызды ауыртып аламыз.<br>№1 тәжірибе: «Түсті және пішінін анықтау» | Қорап<br>Балалардың жауабын тыңдау.<br><br>тас-камень-ston<br><br>- жерден, судын астынан<br><br>Тастан үй тұрғызады.<br><br>балалар фартукты киеді.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалардың назары үстел үстіндегі тастарға аударады.<br>балалар тастарды қарайды, байқағандарын талқылайды, тастар түсімен пішініне қарай әр түрлі болады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Бізге тастар қандай түсті және қандай пішінді болатының білу керек. Тастарға мұқият қарандар, олар қандай түсті және пішіні қандай екенің айтындар.<br>(*екі түсті бет, ақ бетке домалақ тасты, қызыл түсті бетке басқа пішіндерді салу*)<br>*Қорытынды: тастар пішіні әр түрлі*<br><br>№2 тәжірибе: «Көлемін анықтау<br>Тастардың көлемі бірдей ме екенің анықтау керек. Ең үлкен, орташа, ең кішкентай тастарды тауып көрсетіндер. Тастардың көлеміне байланысты қандай қорытынды жасауға болады?<br>(Үстелге кішкентайдан бастап, үлкенге дейін тастарды қою)<br>*Қорытынды: тастар үлкен- кішкентай болады*.<br><br>№3 тәжірибе: «Сыртқы жағын анықтау»<br>Бізге тастын сыртқы жағын анықтау керек: тегіс немесе бұдырмақты? Қазір қолдарына ұнаған тасты алыңдар. Енді маған тегіс пе, бұдырма жауап беріңдер<br>*Қорытынды: тастың сыртқы пішіні әр түрлі*. | Балалар тастарды қарайды және тастардың көлемін дәйектейді. Тастар әр түрлі көлемді бола |
| Рефлекстік коррекциялаушы | Балалар, бүгін біз тастың қандай қасиеттерімен таныстық?<br>Бүгін біз сендермен неше тәжірибе жасадық?<br>Сұрақ–жауап арқылыұйымдастырылған оқу қызметін пысықтаймын. | Балалардың жауабын тыңдау. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Тастардың құпиясын тәжірибе жасап біледі.
Игереді: Тастарды анықтауды игереді.
Меңгереді: Ұқыптылық пен жұмысты орындау барысындағы жинақылық қалыптастыр.

**Әдіскер** Аманк **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 19.10.2021ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Таспен саздың пішінін өзгертуге болама?
Мақсаты: Тастың құпиясы туралы білімдерін қалыптасуына мүмкіндік беру, құрылымын тамашалау, тастарды қасиетіне қарай топтастыру. Танымдық қабілеттерін дамыту ізденімпаздық қызметі арқылы ақыл ой, көз өлшемі, логикалық ойлауға көңіл бөлу;Таным белсенділігі, проблемалық –зерттеу әрекеттерінің алғашқы дағдыларын бейімделу;
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Топты қажетті құралдармен дайындау.
Әдіс–тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, зерттеу, сұрақ– жауап.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: суреттер жинағы, ыдыстағы су, тастар жиынтығы, тәрелке, үлкен-кішкентай тастар, гуашь бояуы, қылқалам, сулы сүрткіш, Су, ыдыстар, стақандар. Тастар
Қостілдік құрам: тастар-камень, саз-глина.

| **Оқу қызметінің кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | **Шаттық шеңбері**<br>Мына сұлу әлемде,<br>Адам өмір сүреді.<br>Үлкені менен кішіге,<br>Күн сәулесін төгеді. | Балалар шаттық шеңберге тұрып көңіл -күйлерін білдіріп айтып шығады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Балалар бүгінгі біздің ұйымдастырылған ашық оқу қызметіміздің тақырыбы «Тастар әлемінде». Көзімізді жұмып елестетейікші, тастарды біз қайдан көреміз?<br>**4К:Коммуникативтілікті дамыту**<br>- Дұрыс айтасыңдар. Барлығымыз интерактивті тақтаға назар аударайық, шынымен де тастар судын астында, жерде болады екен және үлкен тастар да болады екен<br>Билингвальды сыңары: тас – камень - stone,<br>Біз тасты зерттей аламыз, тастарды зерттеумен кім айналысады? Тастардың құпиясын білу үшін олардың қасиетін зерттеу қажет.<br>**№1 тәжірибе: «Сыртқы жағын анықтау»**<br>Бізге тастын сыртқы жағын анықтау керек: тегіс немесе бұдырмақты?<br>Қазір біз әр тасты сипаймыз.<br>Ең тегіс және ең бұдырмақты тасты көрсеттіндер.<br>**№2 тәжірибе «Жүзгіштігін анықтау»**<br>Енді тастың суда жүзгіштігін тексерейік. Салыстыру үшін тасты және поролонды алайық. Суға тасты және поролонды саламыз.<br>Суға сазды саламыз? | - жерден, судын астынан<br>тас-камень-ston<br>ғалымдар, зерттеушілер<br>Балалар тастарды қарайды және тастардың көлемін дәйектейді. Тастар әр түрлі көлемді болады тастар тегіс және бұдырмақты болады<br>Балалар тасты және поролонды суға салады, бақылайды. Сазды суға салғанда су лайланды. Саз судың түбіне сіңді.<br>тас батып кетті, ал |

| | | |
|---|---|---|
| | Біз не көріп тұрмыз?<br><br>Тас неге батып кетті?<br><br>**4К:Коммуникативтілікті дамыту, сыни ойлау.**<br><br>**Сергіту сәті: «Саз, тас, су»**<br>«Саз» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру.<br>«Тас» дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу,<br>«Су» дегенде толқын жасап қозғалу.<br><br>Қалай ойлайсыңдар, тастар қайдан алынады? Жаңбыр кезінде жартас арасына енген су қыстың күні қаттады және оларды кеңітеді. Жыл сайын жарық үлкейіп отырады сонан соң таудан тас бөліктері сынып түседі.<br><br>Балалар, бүгін біз тастың қандай қасиеттерімен таныстық?<br><br>Бүгін біз сендермен неше тәжірибе жасадық?<br><br>Тастардың бетіне сурет салуға болады екен. Тақтаға назар аударайық. Тастардың бетіне әр–түрлі суреттер салынған. Балалар енді бізде тастың бетіне сурет салып көрейік. Тастың бетіне қаңқыздың суретін саламыз. Барлығымыз қаңқыздың суретіне назар аударайық қаңқыздың түсі қандай болады екен? Алды мен ауада қаңқыздың суретін салып көрейік. Қара қарандашты алып, тастын бетіне қаңқыздын бейнесін саламыз. Қызыл түсті гуашь бояуы мен бояп шығамыз. Ең соңында, көзін саламыз. | поролон жүзиды.<br>тас батты, өйткені ол ауыр, поролон жүзиді, өйткені ол жеңіл.<br>Балалар өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды<br><br>таудан.<br><br>балалар тастың қасиеттері туралы әңгімелейді<br><br>Біз бүгін төрт тәжірибе арқылы тастарды зерттеп шықтық.<br><br>қызыл түсті, қара таңбалары болады.<br><br>балалар тастын бетіне қаңқыздың суретін қызығушылық пен салып шығады. |
| Рефлекстік коррекциялаушы | Балалардың таска салған суреттеріне талдау жасап, мадақтаймын.<br><br>Ең жақсы шыққан суреттерге көрме жасаймын .<br><br>Сұрақ–жауап арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін пысықтаймын. | балалар өздерінің тасқа салған суреттерін талқылап, ризашылығын білдіреді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Тастардың құпиясын тәжірибе жасап біледі.
**Игереді:** Қаңқыздың суретін тастың бетіне түсіріп салуды игереді.
**Меңгереді:** Ұқыптылық пен жұмысты орындау барысындағы жинақылық қалыптастырады.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 26.10.2021ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Сиқырлы құралдар
Мақсаты: Тастар түрлерімен танысу, оларды зерттеу барысында түрлі құралдарды қолдану, тастардың әртүрлі болатынын түсіндіру, қасиетімен танысу.
Көрнекіліктер: Тау- тас бейнеленген суреттер,әр балаға жеткілікті тастар, ұлғайтқыш лупа, суы бар стакан, паднос ыдыс, қағаз сүрткіштер, қорап.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Балалармен әңгіме , табиғаттағы таулар, тастар, олардың атауларын үйрету.
Әдіс–тәсілдер: Түсіндіру , тәжірбие эксперимент.
Қостілдік құрам: Құм-песок, тастар-камни, құрғақ –сухой, сулы-мокрый.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Балалар қане шеңбер болып тұрайық.<br><u>4К. Коммуникативтілікті дамыту.</u><br><u>Әңгімелесу барысында қарым-қатынас дағдысы дамиды.</u><br>Қорапта не бар екен? | Балалар шеңбер болып тұрады,үстел үстіндегі қорапшаны қарайды,ал оның ішінде үлкен тас жатыр.<br>Балалар біртіндеп сол қорапшаға қолдарын салып ішіндегі затты ұстап оның тас екенін анықтайды. |
| Ізденушілік Ұйымдастырушылық | Балаллар ендеше айтыңдаршы бүгін біздің сабақ не туралы болады?<br>Иә , тас жайында болады.<br>Ендеше балалар орындарыңа жақсылап жайғасыңдар, енді үстел үстіндегі бүгін бізге эксмеримент жасауға көмектесетін заттарды қараңдар.<br>Қазір біз барлығымыз зерттеушіге айналып, эксперимент жасаймыз. Алдымызда тұрған подносты жақындатып, солфетканы ашып қарайық ондағы тастарға назар аударайық. Осы тастар туралы толық біліу үшін тәжірбие жасаймыз. Тәжірбие №1: «Тастың пішінін және түсін анықтау».<br>Нәтиже: тастар пішіні жағынан, түсі жағынан әртүрлі.<br>Тәжірбие №2: Тастың көлемін анықтау.<br>Балалар айтыңдаршы тастар бірдей ме?<br>Нәтиже: Тастар әртүрлі көлемде болады.<br>Тәжірбие №3: «Тастың сыртқы бетінің қасиеті».<br>Балалар тасты қолдарыңа алып сипап сезіп көріңдер. Тастар беті бірдей ме? Әлде әртүрлі ме?<br>Қандай?<br>Нәтиже:Тас тегіс және керісінше тегіс емес, әртүрлі болады.<br>Тәжірбие №4: «Тасты лупамен қарау».<br>Тастың беткі қабатын оданда анық көру үшін біз лупаны қолданамыз. Тасты қарап болсаңдар онда тағы не көрдіңдер? | Тас<br><br>Балалар өздерне берілген құралдарға қарап танысады.<br><br>Балалар назар аударады.<br><br>Балалар тасты қарап, бақылап тастың түстері әр түлі қара, сұр қоңыр, көк болатынын айтады. Алақандарымен сипап, саусақтарымен сезіп көреді. Әр балада әртүрлі пішінді екенін көреді.<br>Балалар әрқайсысы өз қолдарындағы тастарды бірі кіші , орташа, үлкен екенін жарыса айтады.<br><br>Балалар ең тегіс тасты, содан соң, кедір- бұдұр тасты және қотырлау тасты көрсетіп, айтады.<br><br>Балалар лупамен тасты |

| | | |
|---|---|---|
| | Нәтиже: Тастың біркелкі, бірдей болмауы.<br>*Педагог жетекшілігмен ойын:*<br>*Салыстыру, ажырату дағдысы дамиды.*<br>Ойын: «Тас салмағын анықтау».<br>Нәтиже: тастар салмағына байланысты әртүрлі болады.<br><br>Тәжірбие №5: «Тастың температурасын анықтау».<br>Балалар алақандарыңды алдымен үстел үстіне, содан соң беттеріңе қойып көріңдер.<br>Үстел қандай?<br>Ал бетіміз қандай ? жылы ма әлде суық па?<br>Ал енді тастардың температурасын анықтайық .<br>Ендеше суық тасты жылытайық, ал жылы таты суытайық Ол үшін тасты алақанымызға салып жылытайық, оған үрлейік.<br>Нәтиже: Тас табиғатта ауа температурасына байланысты жылы, суық болады. | қарайды.<br>тесіктер, қырларын, ою сияқты суреттер, шұңқырлар.<br>Қимыл-қолғалыстар арқылы балалар кезектесіп тұрып, алақандарына тастарды алып ең ауыр, жеңілі қайсысы екенін анықтайды<br><br>Балалар бірі суық тасты бірі жылы тасты көрсете бастайды балалардың болжамы тыңдалады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Балалардың әрқайсы сабақта белсенді болғанын айтып, ынталандыру. | Балалар қуанады. |

Күтілетін нәтиже:
Білу : Құрғақ және дымқыл құмның қасиеті туралы
Болу: Құм қаситтері туралы білімдерін толықтыру.
Жасай алу: Балалардың құмның қасиетін білуге деген өзіндік тәжірибе

**Әдіскер** [signature] **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні:  02.11.2021ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Қандай заттар жүзеді?
Мақсаты: суға бататын және суға батпай, жүзіп жүретін заттарды ажырата алады. Заттардың материалдарын атай алады.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: суда қандай заттың жүзетінін айту.
Әдіс–тәсілдер: көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: су, әртүрлі матеиалдардан жасалған заттар.
Қостілдік құрам: су-вода.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Қуанамын менде,<br>Қуанасын сен де,<br>Қуанайық достарым.<br>Арайлап атқан кунге. | Тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін орындайды. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | -Балалар, жазда суға шомылуға барғанда не себепті қастарында үлкен адам болуы керек?<br>Жалғыз суға баруға болмайды.<br>-Суда жүзе алмасандар, суға түсуге болмайды.<br>**4К:Коммуникативтілікті дамыту,сыни ойлау, «Бала үні»**<br>Балалар сурет бойынша әңгімелейді. Балалар балонның іші ауаға толтырылғандықтан суға батпайтынын түсінеді.<br><br>Суға түсуге арналған резеңке баллонды пайдаланған жөн.Резеңке баллон сендерді суға батып кетуден сақтайды, себебі неде деп ойлайсыңдар?<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар!<br>«Резеңке ойыншық суға неге батпайды»-деген сұрақты талқылау.<br>**4К:Коммуникативтілікті дамыту,сыни ойлау, «Бала үні»**<br>Педагогтың көмегімен бақылау кезеңдерімен танысады.<br>Сергіту сәті: (видеоролик)<br>Топтағы әр бала бір-бір заттан алып, өздерінің болжамдарын айтады: мына зат суға батады немесе батпайды.Осы болжамдарын іс жүзінде тексереді. Кейбір заттар су бетінде қалқып жүреді.<br>Дидактикалық ойын: «суға батпайтын заттарды белгілейді» | Балалар қойылған сұрақтарға өз бетінше жауап береді.<br><br>Өйткені оның іші ауамен толтырылған.<br><br>Балалар ойларын айтып, түрлі жауаптарын айтады.<br><br>Тәрбиешімен бірге жасайды.<br>Балалар тәжірибе жасайды, салыстырып, суға салады. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. | Сұраққа жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:** Суға бататын және суға батпай, жүзіп жүретін заттарды ажырата білу, қабілеттері қалыптасады. Заттардың материалдарын атайды.

**Әдіскер** [signature] **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 09.11.2021ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Сиқырлы магниттер»
Мақсаты: Балаларға құм, магнит, ауа туралы ұғым беру,олардың қасиетін меңгерту. Тәжірибелер жасау арқылы бала танымын кеңейтіп, қызығушылығын ояту. Зерттеу жұмыстары арқылы ой- өрісін, тілін дамыту.
Көрнекіліктер: түрлі- түсті дөңгелектер, сулы құм, құрғақ құм, қамырға арналған трафареттер, магнит, қалташалар,карта, кілт, ұсақ заттар, дене шынықтыру құралдары, бөрене ағаш, массаж жолдар, өрмелегіш тақтайшалар, дене шынықтыруға арналған жұмсақ маттар, улкен- кіші доғалар.Алдын− ала жүргізілетін жұмыс: Балалармен әңгіме , табиғаттағы таулар, тастар, олардың атауларын үйрету.
Әдіс−тәсілдер: Түсіндіру , тәжрбие эксперимент.
Қостілдік құрам: құм-песок, ауа-воздух.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Таңғы жиын:<br>Қол алысып, кәне біз,<br>Достасайық бәріміз<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Балалар біз бүгін саяхатқа шығамыз. | Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды. |
| Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық | Таңғажайып сәт: Балалар жолдан жерде жатқан картаны тауып алады.<br>*4К.Коммуникативтілікті дамыту*<br>*Сұраққа жауап беру арқылы сөйлеу дағдысы, әңгімелесу барысында қарым-қатынас дағдысы дамиды.*<br>Ой балалар бұл не деп ойлайсыңдар?<br>Бұл неге ұқсайды?<br>Белінде байланған жібі бар екен, не болды екен бұл?<br>Балалар ашып көрейік пе?<br>Бұл карта екен балалар. Көру үшін мына түрлі – түсті бояуларға тұру керек, және мұқият тыңдау керек.<br>– Нені көріп тұрсыңдар бұл суреттен?<br>– Неше үйшік бар екен?<br>– Қараңдаршы үйлердің араларында нелер бар?<br>– Ал мына жолда не бар? (сандық толы алтын бар)<br>– Сандықты немен ашамыз? (кілтімен ашу керек)<br>– Ал сендерде кілт бар ма? Ол үшін біз саяхатқа шығамыз.<br>Айналамызды бағдарлап бағыттап алу керекпіз.<br>Мұқият болуымыз керек.<br>Біз бару үшін кедергілерден өту керекпіз.<br>Ормандағы іздермен жүріп өтейік.<br>Сандарды санай отырып, тауға шығайық және сулы көпірден бір- бірден өтеміз. Бірінші үйшіктің тапсырмасы. Қарандашссыз сурет сал, сонда | Балалар сұрақтарға жауап береді<br><br>Ия<br><br>Үйшіктерді<br>3<br>Жоладр<br><br>Кілтпен |

| | | |
|---|---|---|
| | кілттің бөлігін табасың.<br>Балалар үстел үстінде қандай заттар тұр? (құмды, трафареттер бар)<br><br>*<u>4К.Командамен жұмыс</u>*<br>*<u>Топпен ұжымдаса ойнау дағдысы қалыптасады.</u>*<br><br>1- Тәжірибе:<br>Алдымен біз қауіпсіздік ережелерін есімізге түсірейікші.<br>– Құмды шашуға бола ма? (жоқ болмайды…..)<br>– Ауызға салуға бола ма? (жоқ болмайды….)<br>– Бір – біріне лақтыруға бола ма? (жоқ болмайды)<br>Бірінші үйшіктің тапсырмасын орындайық балалар. Қарандашссыз қалай сурет салуға болады? Қалай ойлайсыңдар?<br>– Қане немен сурет салу керек? (трафаретпен)<br>Үстел үстіндегі сулы және құрғақ құмдарды зерттеп біліп көрейік.<br>– Ал мына құмда сурет салуға бола ма?<br>– Өткені ол құрғақ құм, ал мына ыдыста сулы құм. Сулы құмда ғана сурет салуға болады. Міне кілттің бірінші бөлігі табылды.<br>Келесі тапсырмаға өту үшін келесі кедергі жол ол тікенекті жолдардан өтіп, геометриялық пішіні берілген батпақты жолмен жүріп отырып, үлкен-кіші доғалардан өту керек.<br><br>2- Тәжірибе:<br>Балалар үстелдің үстінде қандай заттарды көріп тұрсыңдар? (магнит, салафан қалталар, ыдыстағы ұсақталған қағаздар)<br>Біз осы заттармен зерттеулер жасаймыз.<br>Мына ыдыстарда ұсақталған қағаздар ішінде ұсақ және қауіпті заттарды қолыңды батырмай жинап алу керек. Демек біз оларды немен жинап аламыз? Әрине магниттің күшімен жинап аламыз. Магнитті алып, жақындатайық, қандай заттар жинады көрейік. Магнит тек темір заттарды ғана жинайды. Жиналған заттарды жанындағы ыдысқа салайық.<br><br>3- Тәжірибе:<br>Келесі тапсырма:<br>Жұмбақ:<br>Түсі бар көрінбейтін.<br>Бір тұтас бөлінбейтін<br>Тынысы ол тіршіліктің,<br>Ешқашан жерінбейтін. Ол не екен? Ол (ауа)<br>Дұрыс айтасыңдар ауаны зерттеп көрейік.<br>– Ауаны ұстап көрейік, ұстай аламыз ба?<br>– Ауаны жұтып көрейік, жұта аламыз ба?<br>– Мұрнымызды қысып, демалмай тұрып көрейік, нені байқадыңдар?<br>– Аауаны қалтаға үрлеу арқылы салып көрейік. Нені байқадыңдар? Ауаны көре алдыңдар ма? Ауа қандай екен? | Балалар тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды.<br><br>Тәжірибе құммен жасалады<br><br>Тәжірибе магнитпен жасалады<br><br>Тәжірибе ауамен жасалады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Ауа түссіз, иіссіз зат. Біз ауамен демаламыз. Ауа барлық тіршілік иелеріне керек.Демалмай мұрынды қысып тұрсақ, бізге ауа жетпей қалды. Бізге ауа керек екен. Енді көздерінді жұмыңдар мен бір иісті ауаға жіберейін.<br>Ол ненің исі?, Кім байқады? Дұрыс айтасыңдар ол иіссу. Демек біз ауадағы әртүрлі жағымды, жағымсыз иістерді байқай аламыз.Ауаның исі болмайды бірақ біз ауаға әр түрлі иіс бере аламыз. Міне балалар кілттің екінші бөлігін табылды.<br><br>Кілттің үшінші бөлшегі табу үшін жұлдызды лоберинттен өту керек сандыққа жету үшін, жұлдыздар жолымен жүреміз.<br>Сандықты кілтпен ашу үшін сұрақтарға жауап беруіміз керек. Сандықта не бар деп ойлайсыңдар? (тәттилер, заттар, алтын, күміс, ойыншық)<br>Сұрақтарға тез жауап берейік. | |
| Рефлексивті-түзетушілік | – Біздің саяхатымыз неден басталды?<br>– Картадан қандай жолдарды көрдік?<br>-Біз қалай таптық сандықты?<br>-Қандай кедергілерден өттіңдер?<br>-Қандай тапсырмалар орындадыңдар?<br>-Қандай тәжірибелер ұнады саған?<br>– Кілттің үшінші бөлігі табылды, ашылды. Балаларға сыйлықтар, ойыншықтар шықты және көңілді бейнелер балаларға берілді. | Балалар сұрақтарға жауап береді |

Күтілетін нәтиже:
Білу : Құм, магнит, ауа ұғымдарын ажырата алады.
Меңгеру: Құм, магнит, ауа ұғымдарынынң қасиетін меңгереді.
Жасай алу: Тәжірибелерді жасай біледі.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 16.11.2021ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Шар жайлы бәрін өзің біл.
Мақсаты: Шар туралы әңгімелеп айта алады. Тәжірибе жасау арқылы шардың қасиеттерін анықтай алады.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Шарлармен ойын ойнату.
Әдіс–тәсілдер: көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: шар, стакан, пластмасса ыдыс.
Қостілдік құрам: шар-шарик.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Жұмбақ жасыру:<br>Үрлесең жеп-жеңіл,<br>Елпілдеп кетеді.<br>Ұшырсаң<br>Көк-теңбіл.<br>Бұлтқа да жетеді. | -Шар |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | -Балалар, шар қандай сипаттап беріңдерші? Шар туралы толығырақ білу үшін тәжірибе жасап көрелік.<br>Алдымен 4 топқа бөліну керексіңдер. Топқа бөліну үшін төрт түрлі түстің ұнағанын таңдап бөлінеді.<br>«Бала үні»<br>Екі бала шарларын ұшырып ойнап жүреді. Біреуінің шары жарылып қалады.<br>-Неге бірінші шар жарылып қалды? Екеуі бірге үрілді емеспе?<br>4К: коммуникативтілікті дамыту, сыни ойлау.<br>Мен бұл шарды сиқырлы әдіспен үрдім.<br>-Шарды әуелі жартылай үріп, сонан соң босатасың, сәлден соң қайтадан толық үрсең шар ұзақ уақытқа дейін жарылмайды.<br>Енді зерттеп жұмысымызды бастайық.<br>1-тәжірибе «Магнитті шарлар»<br>Қажетті құралдар: Шар, сұлы жармасы, түбіт қолғап, тарелка.<br>1.Шарды үреміз, тарелкаға сұлы жараны саламыз. Шарды қолғаппен үйкейлейміз де, тарелкаға жақын ұстаймыз.<br>2.не байқадыңдар балалар? Өз ойларын айтады.<br>3.қалыпты жағдайда шар мен жармада электрлік қуат болмайды.<br>4. Тәжірибені қалған 3 топ қайталап жасайды.<br>Сергіту сәті: (видео арқылы)<br>Ойын: «Шарды қағып ал»<br>Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын<br>**Қостілдік құрам:** шар-шарик. | Балалар ұнаған түстерін таңдап, әркім өз командасына бөліну дағдысы дамиды.<br><br>Балалар сұраққа жауап береді.<br><br>-Ол қалай сонда?<br><br>Тәжірибені қайталайды.<br><br>4К:командамен жұмыс.<br>Бірге тәжірибе жасап, бірігіп, жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.<br><br>Тәрбиешімен бірге ойнайды. |
| **Рефлексивті-** | -Балалар бүгін біз не туралы айттық? | Балалар сұраққа жауап беред. |

| | | |
|---|---|---|
| **түзетушілік** | -Шарды қалай үрлеу керек?<br>-Шармен қалай ойнайсыңдар? | |

**Күтілетін нәтиже:** Шар туралы білімдері қалыптасты. Тәжірибе жасау арқылы шардың қасиеттерін анықтай алды.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 23.11.2021ж
Білім беру саласы: Таным
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Резеңке менің көңілді добым»
Мақсаты: Ойыншықтардың пішінін, түсін, қандай материалдан жасалғанын анықтауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайтып, тілін жаттықтыру.
Көрнекіліктер: әртүрлі доптардың суреттері, резеңке доп.
Сөздік жұмыс: доп, домалақ, көңілді.
Билингвальды компонент: доп-мяч, домалақ-круглый, көңілді-веселый.

| Әрекет кезеңдері | Педагогтың қызметі | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Шаттық шеңбері.<br>-Қайырлы таң ұстазым!<br>-Қайырлы күн достарым!<br>Шеңберге тұрайық!<br>Жылулық сыйлайық! | Шаттық шеңберге тұрады, амандасады. |
| | *4К: Коммуникативтілікті дамту*<br>*Сөйлеу дағдысы қалыптасады.*<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Ауа райы қандай?<br><br>-Балалар, сендер ойыншықтармен ойнағанды жақсы көресіңдер ме?<br>-Ал енді мен сендерге өлең оқып берейін, сендер тыңдаңдар?<br><br>«Добым» Ш.Смаханұлы.<br>Добым менің, добым менің,<br>Өзің неткен көңілді едің.<br>Зымырайсың, құтыңдайсың,<br>Бірақ менен құтылмайсың.<br>*4К: Сыни-ойлау*<br>*Логикалық ойлау дағдысы дамиды*.<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>-Балалар, мынау не?<br>-Доп қандай?<br>-Оның пішіні қандай?<br>-Доп неге ұқсайды?<br>-Доп қандай қимыл жасайды?<br>-Доптың түсі қандай?<br><br>-Доп неден жасалған?<br>-Біз доппен қандай ойындар ойнаймыз?<br><br>Резеңке қандай болады?<br>Резеңке құнды қасиеттерге ие - дірілді сіңіру қабілеті жоғары икемділік пен қабілет; Ол тозып, біртіндеп созылып, бүгілуде. Билингвальды компонент: доп-мяч, домалақ-круглый, көңілді-веселый.<br>*4К.Командамен жұмыс*<br>*Топпен ұжымдаса жұмыстану дағдысы дамиды*<br>Фишкалар арқылы орталықтарға бөліну:<br>1.Әдебиет орталығы. | -Күз<br><br>-Күн жылы.<br><br>-Иә.<br><br><br>Балалар мұқият тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.<br><br><br><br><br><br><br><br>-Доп.<br>-Кішкентай.<br>-Дөңгелек.<br>-Шеңберге.<br>-Секіреді, домалайды.<br>-Жасыл, қызыл,сары,ала, әр түрлі болады.<br>-Резеңкеден.<br><br>-Түрлі ойындар ойнаймыз.<br>Балалар қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Шарты: сызба арқылы өлеңді жаттау.<br>Добым менің, добым менің,<br>Өзің неткен көңілді едің.<br>Зымырайсың, қутыңдайсың,<br>Бірақ менен құтылмайсың.<br><br>2.Бейнелеу өнері орталығы.<br>Шарты: Қағаздан қиылған допты құрастыру.<br><br>3.Монипулятивтік орталық.<br>Шарты: Қыстырғыш арқылы допты түсіне сәйкес орналастыру.<br><br>Сергіту сәті.<br>Кәне, балалар, тұрамыз,<br>Бойымызды жазамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып аламыз.<br><br>Дидактикалық ойын. «Неге ұқсайды?»<br>Сөздік<br>Сөздік жұмыс: доп, домалақ, көңілді. | Өлең жолдарын бірнеше рет қайталай отырып, сызба арқылы жаттайды.<br><br>Допты құрастырады.<br><br>Қыстырғыш арқылы доптарды сәйкестендіреді.<br><br>Балалар қимыл қозғалыстар арқылы сергіту сәтін орындайды.<br><br>Ойынды ойнайды.<br><br>Балалар сыбырлау әдісі арқылы сөздерді қайталайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Сұрақ-жауап арқылы оқу іс- әрекетін қорытындылау (допты қолдану арқылы) | Балалардың жауабы тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже:
Орындайды: заттарды қарастырып, олардың түсін, пішінін, қандай материалдан жасалғанын айтуға арналған тапсырманы.
Түсінеді: өлең мазмұнын.
Қолданады:ойыншық туралы әңгіме құрастыра білу іскерліктерін.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

**Күні:** 30.11.2021ж
**Білім беру саласы:** «Таным»
**Бөлімі:** Эксперимент алаңы
**Тақырыбы:** Ауа жұмыс жасайды.
**Мақсаты:** Жалпы ауа және оның құрамы туралы тәжірибе жасап, айта алады. Адам және басқа тірі ағза үшін ауаның маңызын түсіндіріп бере алады.
**Алдын‒ ала жүргізілетін жұмыс:** «Не қайда өмір сүреді?» ойыны.
**Әдіс‒тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
**Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар:** су, әртүрлі материалдардан жасалған заттар
**Қостілдік құрам:** ауа-воздух, өмір-жизнь, тәжірибе-опыт.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Жұмбақ жасыру:<br>Көзге көрінбейді<br>Жұтсаң білінбейді. | -Ауа. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | -Балалар біз бүгін ауа, оны қалай байқауға болатыны туралы танысамыз.<br>-Балалар, ауа не үшін керек?<br>**4К:Коммуникативтілік, сыни ойлау**<br>-Дұрыс, ауа арқылы тек адамдар ғана емес, құстар, жануарлар, өсімдіктерде демалады екен. Ауа-адамның, жануар мен өсімдіктер әлемінің тіршілік ететін ортасы.Атмосфераның құрамы. Жер шарын жан-жағынан атмосфера деп аталатын ауа қабығы қоршап жатыр. Ол жердің ішкі қабығы.<br>Тәжірибе №1<br>«Ауаны көруге болады»<br>Ауаны көру үшін, оны ұстап алуымыз керек. Қазір мен сендерге ауаны ұстап алуды үйретемін. Ол үшін полиэтилен пакетін аламыз, ішінде ештене жоқ, бос. Енді пакетті бір бағытта жүргізейікші, пакет қандай болды?<br>Пакет торсиды, яғни оның ішіне ауа толды.<br>Қорытынды: ауа-түссіз.<br>Тәжірибе №2<br>«Ауаның қысымын қалай байқаймыз»<br>Қағаздан желдеткіш жасап, желдетіңдер. Ауаны сездіңдер ме?<br>Қорытынды. Ауаны сезе аламыз.<br>Сергіту сәті:<br>Ауа көрінбейді (қолдарын жоғары оңға-солға сермеу)<br>Бізге кел (шақырады)<br>Сені қалай ұстауға болады (қолдарымен ұстайды)<br>Мен сені жылдам-жылдам қуамын (орындарында жүгіреді)<br>Таза-таза ауаны мен табамын.<br>Тәжірибе №3<br>«Ауа иіс тасымалдайды»<br>Бәріміз ортаға жиналып, көзімізді жұмайық. (Әтір, кофе, шөпті, апельсин пайдаланады) | Балалар қойылған сұраққа жауап береді.<br><br>Тәрбиешінің берген ақпаратын тыңдайды.<br><br>Ауаны көруге арналған тәжірибе жасайды.<br><br>-Ауа<br>-Түссіз<br><br>Балалар сергіту сәтін тәрбиешімен бірге орындайды.<br><br>Балалар тәжірибені түсініп, салыстырып, суға салып, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. |

| | | |
|---|---|---|
| | Тәжірибе №4<br>«Ауаны қалай естуге болады?»<br>Балалар сендерге үрілген шарлар беріледі. Сол шарларды аузын сәл ғана ашып, ауаны шығарамыз. Не істедіңдер?<br>Қорытынды: Ауа дыбыс шығарады.<br>**«Бала үні», 4К: сыни ойлау, коммуникативтілікті дамыту.** | |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Балалар немен таныстық?<br>-Ауаның тіршілік үшін маңызы қандай?<br>Ауаның құрамын айтайықшы?<br>Ауаның қасиеттерін қандай тәжірибе жасап білдік, есімізге түсіріп көрелік. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:** Жалпы ауа және оның құрамы туралы тәжірибе жасау арқылы білді. Адам және басқа тірі ағза үшін ауаның маңызын түсіндіріп бере алды.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 07.12.2021ж
Білім беру саласы: Таным
Тақырыбы: Эксперимент «Ауа қасиеттері»
Мақсаты: Балалардың танымдық белсенділігін арттыру. Ауаның адам өмірінде маңыздылығы туралы түсінікті кеңейту. Эксперимент жүргізу кезіндегі балалардың қауіпсіздік ережесін сақтауын қадағалау. Өзін қоршаған ортаны тани білу. Өз бетінше , өз ойын жеткізуге , қортынды шығаруға дағдыландыру. Өлі табиғат туралы білімін кеңейтіп, тереңдету.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ жауап.
Құрал-жабдықтар: шар, целофан қалта, түтікше , пластик стакандар, лентта, су, салфетка, банка, желпуіш, леген, ермек саз, сабын көпіршіктер.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық–қозғаушылық | Шаттық шеңбері<br>Қане достар келіндер<br>Қолдарынды беріндер<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніндер | Балалар барлығы бірге өлең жолдарын айтады. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | Сәлеметсіздерме, балалар! Менің атым Негеш. Мен сендерді өзімнің зерханама шақырамын.<br>– Сендер зертхана дегенді білесіндерме?<br>– Қандай ақылдысыңдар . Әрине зертхана- тәжірибе, эксперимент жасайтын арнайы орын.<br>– Сендер тәжірибе жасауды ұнатасыңдар ма?<br>Онда сендермен тәжірибе жасамас бұрын қауіпсіздік шараларын еске түсірейік.<br>Үлкеннің рұқсатынсыз<br>-орныңнан тұрып жүруге,<br>-құрал-жабдықтарды ұстауаға,<br>-ауыз,мұрын,құлаққа танымайтын затты апаруға<br>Балалар, ғылымдар табиғаттың жұмбақ сырын шешкісі келеді.<br>Осындай бір жұмбақты сендерге қоямын.<br>Осы бөлмеде не өте көп,бірақ оны біз көрмей тұрмыз?<br>Қалай ауаны көріп,сезе аламыз?<br>Балалар ауаны көріп білу үшін, бірнеше қызықты тәжірибелер жасап көрейік.<br>*4К. Коммуникативтілікті дамту*<br>*Әңгіме барысында қарым-қатынас дағдсы дамиды*<br>1-ойын-эксперимент «Ауаны іздейік»<br>Біздің айналамызда ауа бар. Ол бізге көрінбей тұр,оны қалай табамыз. Ол үшін бәрің терең дем алып, демді қайта шығарыңдар.<br>-Не жұтып, нені шығардыңдар?<br>-Ал оны көрдіңдер ме?<br>-Адам ауасыз өмір сүре алмайды. Тыныс алу, тыныс шығару жолдары арқылы ауа өкпеге барады, өкпедегі жіңішке түтікшелер арқылы қанға барады,өкпедегі жіңішке түтікшелер арқылы қанға өтеді де, ал ондағы зиянды, керек емес ауаны сыртқа шығарады.<br>2-ойын-эксперимент «Ауаны көру үшін,оны ұстап ал»<br>Ауа бөлмеде көрінбейді. «Ауаны көру үшін,оны ұстап ал» тәжірибесін жасайық. | Балалардың жауабы.<br><br>Болмайды<br><br>Ауа<br><br>Балалар терең дем алып, қайта шығарады. |

Целофан қалтаны балаларға таратып, ішіне ауа толтырып аузын бекітуін айту. Ауа толған қалта жастыққа ұқсайды. Енді қалта аузын шешіп, ауаны жіберейік кішкене, бос болып қалды. Осылай 2-3 рет жасаймыз.

-Қалта  қандай көлемде? Қалтада не бар?

-Біз  не туралы білдік? Ауаның түсі бар ма екен?

3-ойын-эксперимент «Көңілді көпіршіктер»

Стакандағы суға түтікше арқылы үрлейді.

– Нені байқадық?

– Ол ауа қайдан келді?

– Ауа көпіршіктері қайда кетті?

Себебі ауа суда жеңіл

Балалар, маған Білгішпек тағы да ауаның судан жеңіл екені туралы айтқан болатын.

4-ойын-эксперимент «Салыстыр». Соны жасап көрелік.

Екі апельсин алып,біреуін қабығын аршып, екіншісін қабығымен су толтырылған екі банкіге саламыз.

Бір банкіде апельсин батып кетеді, екіншісі қалқып тұрады.

-Бұл қалай болды? Қане кім айтады?

*Құрылымдалған ойын:*

Қане,балалар «Батады-батпайды» ойынын ойнайық.

Шарты: Мен бір затты көрсетемін,егер батса орындықта отырып, «бүлк-бүлк» деп айтамыз,егер батпаса орнымыздан тұрып «шылп-шылп» деп айтамыз.

Жарайды балалар,серігіп қалдыңдар ма?

Ал енді ауаның тағы қасиеті,иісі болады ма? Қалай ойлайсыңдар?

Мысалы: апаларың асханада тамақ дайындаса,тәтті тоқаш, пирог, т.б пісірсе- иіс шығады ма?

Немесе бақшада, орманда, ағаштардың арасында.

Әрине , ауаға араласқан өзіне тән иістер болады.

-Ал өздерің отырған бөлмеде иіс барма?

Менің қолымда апельсин қабығы салынған қалта бар.

Осыны иіскеп көріңдер? Ненің иісі шығады?

Ия,өйткені бұл қалтада апельсин болған. Сондықтан апельсин иісі бар ауа болған.

Ауа-түссіз, жеңіл, иіссіз екенін білдік балалар.

Ауаның қозғалатының бақылайық.

№ 1-тәжірибе «Желпеуіш»

Өздерің дайындаған желпеуішпен желпіп көріңдер?

Беттеріңе самал леп соғады. Бұл не?

«Мен мұндамын.Мен сенің айналаңдамын» дейді. Ауа қозғалып беттеріңе жұмсақ леп беріп жатыр.

Не үшін желпеуіш керек екенін, қазір оның орнына желдеткіш,кондиционер қолданылатын айту.

№2-тәжірибе. «Толқындар»

Әр балаға су толтырылған леген беріледі. Ішінде қағаздан дайындалған қайық бар. Қолындағы желпеуіштерімен қайықты желпиді.. Желпеуіш қозғалған сайын,ауаны қуып жатқандай сезінеді.

Дидактикалық ойын «Көбелектер»

Әр балаға ұшында көбелек байланған жіпті таратады.

Балаларға терең дем алып,жіптің ұшындағыны үрлеуді ұсыну.

– Не байқалды?

Я,сендердің ауыздарыңнан шыққан желден олар ұшты. Біз

– Ауаны

– Жоқ

Балалар целофан қалтаны үрлеп, ауаға толтырады.

Қалта аузын шешіп, ауаны босатады. 2-3 рет қайталайды..

Ауа көпіршіктерін

– Ауаны үрлеп,жұтқаннан келді.

– Ауа көпіршіктері жоғарыға көтеріліп, бөлмеге тарады.

Қалқып тұру ауаға байланысты,сыртында қабығы бар апельсин де ауа көп,сондықтан ауа суда жеңіл.

Балалар ойынды көңілді ойнайды.

Балалар иіскеп көреді.

Жоқ, ауа-иіссіз.

Бұл-ауа.

Балалар өздеріне берілген легендегі қайықты желпеуішпен желпіп қозғалтады.

Балалар көбелектерді үрлейді.

Көбелектің ұшқанын

| | | |
|---|---|---|
| | ауаның қозғалуын тағыда көрдік.<br>– Не білдіңдер?<br>– Желді қалай бейнелейміз?<br>– Балалар,көп ауаны қайдан табуға болады?<br>Бейне таспадан аэрожабль,дирижабль,су астына түскенде киетін водолаз костюмі суретін көрсетіп,түсінік беру.<br>№3-тәжірибе «Шарды ауаға толтыру»<br>Әр балаға шар таратылады. Шарды үрлеп ауаға толтыруды айтады.<br>Кімде қанша ауа бар?<br>Қане өздерің салыстырыңдар.<br>Бір шарды көбірек үрлеп,оның жарылып қалғанын көрсетіп,неге олай болғаның жауабын өздеріңнен сұрау.<br>5-ойын-эксперимент «Ауа затты итереді ме»<br>Енді жаңа үрлеген шарларыңдағы ауаны жәймен босатып шығаруын сұрайды. Дыбыс бар ма? Шығып жатқан ауаға алақандарынды тигізіңдер. Не сездіңдер?<br>Міне,балалар,бүгін сендер топта отырып,онсыз өмір,тіршілік болмайтын ауаның қыр-сырымен таныстыңдар.<br>Ауа-түссіз, судан жеңіл,иіссіз,қозғалатынын сипап сезіп,дыбыс шығаратынына көз жеткіздіңдер.<br>Балалар өз ойларын баяндайды. | байқайды.<br><br>Жел-ауа қозғалысы екенін айтады.<br>Терең тыныс алып,үрлеу арқылы.<br>Ауа шарларынан.<br><br>Балалар өздерінің шарларыңның көлеміне қарап,аз-көбін салыстырады.<br>Ол шарда ауа көп. Ауа толып,жарылып қалды.<br><br>Егер шардан ауа тез шықса,шарды итеріп,қозғалтады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Бағалау<br>Сендерге бүгін жасаған тәжірибелерің,көргендерің, жалпы оқу қызметі ұнады ма?<br>Қолдағы шарларын ұшырады.<br>Қош болыңдар балалар,келесі кездескенше! | Сұрақтарға жауап берді. |

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек: Эксперимент жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережесін;
Игерді: Өлі табиғат туралы;
Меңгерді: өз бетінше өз ойын жеткізеді, қортынды шығарады.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

**Күні:** 14.12.2021ж
**Білім беру саласы:** «Таным»
**Бөлімі:** Эксперимент алаңы
**Тақырыбы:** Әуе шарын қалай тесуге болады?
**Мақсаты:** Әуе шарлары туралы айта алады. Фломастерді үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек түзу сызықтар сызу арқылы әуе шарын салуды біледі.
**Алдын– ала жүргізілетін жұмыс:** Шарлармен ойнау.
**Әдіс–тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
**Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар**: шар, әуе шарының суреті.
**Қостілдік құрам:** әуе шары-воздушный шар.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Сәлеметсіндер ме балалар!<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы күн, қайырлы таң<br>Сәтті болсын бүгінгі күн. | Тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін орындайды. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Ғажайып сәт.<br>Есікті қағып топқа қоян кіреді.<br>Қоян: Сәлеметсіндер ме, балалар!<br>-Балалар мен сендерге, балабақшадағы достарыма сыйлайын деп әуе шарлар алып келе жатыр едім, қатты жел соғып, шарлардың жібі болмағандықтан жел ұшырып алып кетті.<br>-Балалар біз қоянға көмектесеміз ба?<br>Балалар әуе шары туралы сұрау.<br>**4К:коммуникативтілікті дамыту, «Бала үні»**<br>Балалар мынау шарлар, қызыл түсті шар, ал мына шар жасыл түсті, мына шар көк түсті.<br><br>Практикалық әрекет<br>Пішіні сопақша.<br><br>Шарлардың түсіне сәйкес жіптерін саламыз.<br>Сергіту сәті:<br>Дидактикалық ойын: «шарлардың бөлігін тап»<br>**Құрылымдалған ойын, «Бала үні»**<br>**Қостілдік құрам:** әуе шары-воздушный шар. | Қоянға назар аудару.<br><br>Қоянмен амандасады.<br><br>-Иә, көмектесеміз.<br><br>Әуе шары туралы білгендерін айтып, пікірлерін айтуға үйренеді.<br><br>Үлгі бойынша әуе шарының суретін салады.<br><br>Тәрбиешімен бірге, сергіту сәтін орындап, ойын ойнайды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Балалардың жасаған жұмыстарымен көрме ұйымдастыру.<br>Жарайсыңдар балалар, қоянның көңілі көтеріліп қалды.<br>Қоянмен қоштасайық.<br>«Әуе шарларын ұшырамыз»-қимылды ойын. | Балалар жұмыстарын бағалайды. |

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 21.12.2021ж
Білім беру саласы: Таным
Бөлімі : Эксперимент аланы
Тақырыбы: (Ауамен эсперимент жасау) Сабын көпіршіктері.
Мақсаты:Тәжірибе жасау арқылы сабын көпіршіктері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат сырларын танып білуге баулу. Зерттеу әрекеттерін, құралдарды ұқыптылықпен ұстау дағдыларын қалыптастыру.Тәжірибеніңкөмегімен алған білімдерін қорытындылай білуге үйрету. Өз беттерімен және бірігіп жұмыс істеуге қарым - қатынастарын қалыптастыру.
Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: Балаларға табиғат бейнеленген суреттер көрсетемін.
Әдіс –тәсілдер:сұрақ-жауап,тәжрибе.көрсету.түсіндіру.

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Балалар таңмен ерте тұрғанда алдымен нені көреміз?<br>-Дұрыс айтасыңдар!<br>-Ал қандай балабақшаға келеміз?<br>-Балалар күн бізге несін береді?<br>Ендеше күнмен амандасып, бір-бірімізге жақсы тілектер тілейікші.<br>*Қайырлы таң көк Аспан!*<br>*Қайырлы таң, шуақты Күн!*<br>*Қайырлы таң , қонақтар!*<br>*Қайырлы таң, достарым*! | Балалар шаттық шеңберіне тұрады.<br>-Күнді көреміз!<br>-«Өркен» балабақшасына келеміз!<br>-Жарығын, жылуын, шуағын.<br>Балалар бірбіріне жақсы тілек сөздер айтады |
| Ұйымдастырушылық, ізденушілік | Балалар, қарандаршы мына үстелге зерттеушілер өздерінің құралдарын ұмытып кетіпті.<br>-Бізге арнап хат қалдырыпты<br>*Балаларға хатты оқып беру.*<br>*(зерттеушілер арнайы тапсырма жұмыспен кеткендіктері жайлы түсіндіру .)*<br>-Балалар зерттеуші деген сөзді қайтіп түсінесіңдер?<br>-Ал зертхана деген сөз ше?<br>-Олар не істейді?<br>Қандай ақылдысыңдар. Әрине зерттеушілер зертханада тәжірибе жасайды.<br>-Сендер тәжірибе жасауды ұнатасыңдар ма?<br>Онда сендермен тәжірибе жасамас бұрын қауіпсіздік шараларын еске түсірейік.<br>*Қауіпсіздік ережесі.*<br>-Үлкеннің рұқсатынсыз орыныңнан тұрып жүруге;<br>-құрал- жабдықтарды ұстауға;<br>ауыз, мұрын, құлаққа танымайтын заттарды апаруға болмайды;<br><br>*Ғажайып сәт:*<br>*Топ бөлмесіне бақылдап үйрек келеді.* | Балалар хатты мұқият тыңдайды.<br><br>-Зерттейді<br>-Тәжірибе жасайтын орын.<br>-Тәжірбие жасайды.<br>-Ұнатамыз.<br><br>Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді.<br><br>Балалар қонақпен амандасады.<br><br>Балалар үйректің әңгімесін таңырқап тыңдайды.<br><br>Балалар үйрекке көмек көрсететіндерін айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | *Балалармен амандасып, өзінің түсініксі з жағдайға қалғанын айтып, көмек сұр айды.*<br><br>Мен суға салқындап алайын деп<br>түсіп едім, кенет суым көпірши<br>бастады. Шошығанымнан судан<br>шығып кеттім.<br>-<br>Бірақ та ең қызығы мамықтарым аппақ болып, тазаланып қалыпты.<br>-Неліктен екенін білмедім. Осы<br>жағдайды маған түсіндіріңдерші?<br><br>Балалар үйректің қызық жағдайға<br>қайтіп түскенін зерттеп көрейік пе?<br>Ол үшін біз сендермен тәжірибе<br>сабағын өткіземіз..<br>*(Балаларға тәжірибе сабағын өткізу үшін арнайы киімдер кигізу)*<br>*1 тәжірибе.*<br>-Жаңағы үйректің суын алып,<br>неден көпіршік пайда болғанын<br>анықтап көрейік.<br>-Барлығымыз көпіршікті<br>қолымызға алып зерттеп, оны<br>сипаттайық. *(ыдыстағы көпіршік суды зерттеу)*<br>-Мынау не?<br>-Түсі, қандай?<br><br>Көпіршік ауыр ма, әлде жеңіл ме?<br>Мына көпіршіктердің ішінде не<br>бар деп ойлайсыңдар?<br>-Иә, дұрыс айтасыңдар, балалар.<br>-Мәссаған, мына судың түбіне<br>сабын түсіп кетіпті.Осы сабынның суға<br>түсуінен көпіршіктер пайда болған<br>екен ғой!<br>-Балалар сабының екі түрі болады .<br>Бірі- қатты сабын, екіншісі-<br>сұйық сабын.<br>-Мына ыдыстағы судың<br>көпіршіктері қатты сабыннан<br>пайда болған екен. Ал,<br>балабақшада күнделікті<br>қолымызды жуып жүрген сұйық<br>сабын.<br><br>*Сергіту сәті*:<br>*Қызыл, сары , көп шарлар,*<br>*Ауадағы көп шарлар.*<br>*Ауада қалқиды.*<br>*Айдаймыз,күндейміз,*<br>*Ойнаймызда, күлеміз.*<br>- | Сөздерді қайталайды.<br><br><br><br>Көпіршіктер.<br>- Мөлдір.<br>-Жеңіл.<br>- Ауа.<br>Балалар сабын мен судың<br>қосындысынан көпіршік пайда болғанын анықтағандарына<br>қуанады.<br><br>Сөздердің аудармасын<br>дауыстап айтып қайталайды.<br><br><br><br><br><br>Өлең жолдарын қайталап,<br>сәйкес қимыл-<br>қозғалыстар жасайды.<br><br><br>-Иә.<br><br><br><br><br>- Денемізді жуғаннда.<br>- Киім жуғанда.<br>-Ыдыс жуғанда.<br><br>- Көпіршіктерді.<br><br><br><br>Балалар қызығушылықпен<br>ойынға қатысады.<br><br><br><br>Үйрекпен қоштасады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сергіп қалдыңдар ма балалар? Ал енді, өзіміздің зертханамызға барайық. Бізді қызықты жаңалықтар тосып тұр.<br><br>*2 тәжірибе.*<br>Балалар сабынды қандай жағдайда қолданғанда көріпшік пайда болады?<br>(*Сұйық сабын мен судың қосындысынан көпіршік жасап көрсету)*<br>-Стаканға көпіршік суды құйып, оны мына түтікше арқылы үрлеп көрелік.<br>-Нені байқадыңдар?<br>-<br>Ия балалар, сабынды су көпіршіп көлемі үлкейді.<br>-Ал көпіршіктің ішінде не бар?<br>-Жарайсыңдар балалар.<br><br>*«Ең үлкен көпіршік» ойыны.*<br>*Шарты:*Ойынға арналған ыдыстағы көпіршіктерді таяқша арқылы үрлеу. Түр түсін, көлемін салыстыру.<br>Ең үлкен көпіршікті таңдау.<br>*Үйрек:*<br>Ал балалар, менің үйге оралатын уақытым келді.<br>Менің сұрағыма жауап қайтарып, дәлел деп бердіңдер.<br>-Сендерге үлкен рахмет!<br>-Сау болыңдар! | |
| Рефлексифті түзетушілік | Сендерге бүгін жасаған тәжірибелерің, жалпы оқу қызметі ұнады ма?<br>Сурет бойынша қорытындылау, бекіту.<br>-Зерттеуші дегеніміз кімдер екен?<br>-Нені зерттедік? | - |

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек: Эксперимент жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережесін;
Түсінеді: Тәжірибе көмегімен сабын көпіршіктері қайдан пайда болатынын ;
Игереді : Зерттеу әрекеттерін, құралдарды ұқыптылықпен ұстау дағдыларын

**Әдіскер** *Аманк* **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

**Күні:** 28.12.2021ж
**Білім беру саласы:** «Таным»
**Бөлімі:** Эксперимент алаңы
**Тақырыбы:** Су қайда?
**Мақсаты: :** Балаларға су туралы мағлұмат беру, тәжрибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру. табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қызығушылықтарын арттыра отырып, табиғаттың әдемі сұлулығын көре білуге және оған қамқор болуға тәрбиелеу.
**Алдын– ала жүргізілетін жұмыс:** Топты қажетті құралдармен дайындау.
**Әдіс–тәсілдер:** Көрсету, түсіндіру, зерттеу, сұрақ– жауап.
**Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар:** су, зерттеу құралдары,
**Қостілдік құрам:** Суйық –жидкий, су –вода, тазартқыш сүзгі – фильтр

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Жұмбақтар**<br>**1.**Жалт –жұлт етеді,<br>Жылғадан өтеді. Бұл не?<br>**2.**Аспаннан домалап,<br>Көп моншақ төгілді Бұл не? | Су<br><br>Жаңбыр |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Қараңдаршы балалар бізге пингвиндер келіпті. Олар судың қасиеті туралы білмейді екен.<br>Су жайлы сендерден көп білгісі келіп, көмек сұрайды. Көмектесейік пе?<br>Біз сумен не істейміз?<br>Бізге судың қандай пайдасы бар?<br>Иә судың бізге берер пайдасы көп екен.<br>**4К:коммуникативтілік дамыту, сыни ойлау.**<br>Балалар енді біз пингвиндердің тапсырмаларын орындайық. Ол үшін арнайы халаттарымызды киіп алайық.<br>**«Судың қасиетін» зерттейміз.**<br>**1 Тәжрибе:** Су қай кезде мұз болады? Қай кезде бу болады? дейді.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Биік болып өсеміз,<br>Жапырақтай жайқалып.<br>Ағаштарға су құйып,<br>Өсіреміз сая бақ<br><br>**2 Тәжрибе «Мұз – қатты су, бу да-су»**<br>Балалар мұз неден пайда болады?<br>Ал, бу қайдан пайда болады?<br>Видео: Қайнаған су және мұз<br>Мұзды ыдысқа салып қояйық. Шамалыдан кейін келіп қараймыз.<br><br>**3.Тәжрибе «суда кейбір заттар ериді, ал кейбірі ерімейді»**<br>1-ст аканға - қант салады<br>1-стақанға – құм салу<br>Байқап көріңдер суда не ериді, не ерімейді? | Балалар тақтадағы пингвиндерді қызыға қарайды. Оларға көмектесуге дайын екендерін айтады.<br><br>Балалардың жауаптары<br><br>**Зертханалық киімдерін киеді.**<br>Су суықта қатып –мұз болады. Қайнаған судан –бу шығады. Мұзды ыдысқа салып ары қарай тәжрибелерін жалғастырады.<br><br>Судың өзгерістерін тамашалайды.<br><br>Суға құм мен қантты салып араластыру арқылы құмның ерімейтінін байқайды.<br>Қант ериді.<br>Құм ерімеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Егер қант суда ерімесе, онда адамдар тәтті шай іше алмас еді.<br>5-пин тапсырмасы: Лас суды қалай тазартады?<br>**4.Тәжірбие : «Құм салынған суды сүзгіден өткізіп тазарту»**<br>Су мөлдір, құм салған су – лас су. Суды тазарту үшін сүзгіден өткізу.<br>Жер асты суын осылай сүзгіден өткізу арқылы ауыз суға айналдырады.<br>Енді балалар біздің ыдысқа салып кеткен мұзымызды барып көрейік?<br>**4К:коммуникативтілік дамыту, сыни ойлау, «Бала үні»**<br>**Жаңылтпаш айтқызу**<br>Мұз –тұздай<br>Тұз-мұздай<br>Міне біздің зертхенелық оқу іс-әрекетіміз аяқталды. | Құм салынған суды 1неше рет сүзгіден өткізді.не өзгергені туралы айтып береді.<br><br>Жаңылтпашты қайталайды.<br><br>Балалар киімдерін шешіп орындарына іліп қояды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Балалар бүгін нені зеттедік?<br><br>Бүгінгі жұмыстарың ұнады ма? | Балалардың жауабы<br><br>Өте ұнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білді:** Тәжрибе жасау арқылы судың қасиеттерін білді.

**Түсінді:** Судың қасиеттерін түсінеді.

**Меңгерді:** Суда еритін, ерімейтін заттарды меңгерді.

**Әдіскер** Аманк **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметітің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 11.01.2022ж
Білім беру саласы: Таным
Ұйымдастырылған оқу қызметі : Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Сыңғырлаған су»
Мақсаты:Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау.
Көрнекі құралдар: су, қант, тұз, қасық, сүт, гуашь бояулары, әр түрлі суреттер, түтікше, жұмыртқа, тұз, стақан, қар, мұз.
Сөздік жұмыс: судың қасиеті, түссіз, дәмсіз, иіссіз, қатты, сұйық, бу.

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Самал жел бізді желдетші,<br>Күн нұры бізді жарқырат.<br>Таза ауа дем берші,<br>Мөлдір су бізді салқындат.<br>- Тамаша!!<br>Ал, балалар қазыр жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілінің неше ай бар?<br>Бүгінгі оқу қызметінің тақырыбын айтпас бұрын, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>Дәмі де жоқ, түсі жоқ<br>Пайдаланбас кісі жоқ. Ол не?<br>Дұрыс балалар, әрине су.<br>Судың дыбысын тыңдау.<br>- Балалар сендер қандай дыбыс естіп тұрсыңдар? Су бізге не үшін қажет? | Қыс<br>- үш ай бар.<br><br><br>Жауабы: Су. |
| Ұйымдастырушылық, Ізденушілік | - Қалай ойлайсыңдар, мұз, қарды жылы жерге әкелсек не болады?<br>- Әрине ериді, бүгінгі оқу қызметімізде сендермен тәжірибелер жасаймыз.<br>Ендеше соны дәлелдеу үшін 1-тәжірибеміз: ыдыстағы қар мен мұзды оқу қызметінің соныңна дейін үстелдің үстіне қоямыз.<br>Тәжірибелер<u>.</u><br><u>I.Ал судың иісі бар ма</u>, иіскеп көріңдерші?<br>Судың иісі жоқ<br>(Балалар суды иіскеп көреді, судың иісінің жоқ екенін сезінгенше, тағы да қайталап иіскету керек. Ал екінші ыдыста түссіз тәтті суға ванилин араластырған суды құйып, балаларға иіскету<br>Енді осы суға кейбіреулерің қант қосып көріңдер, ал басқаларың тұз қосып көріңдер. Суды ішіп көріңдер дәмі қандай болды екен?<br>Дұрыс суға біз не қоссақ, сол заттың дәмін сеземіз, ал судың дәмі жоқ екен.<u>IY. Судың түсі бар ма?</u> | Балалардың жартысы суға қант қосады, ал басқалары тұз қосады, өздерінің сезімдері туралы айтады |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексифті түзетушілік | «Су — мөлдір»<br>Егер де бояу қосып жіберсек, оның түсі өзгереді. Оны да тәжирибе арқылы дәлелдейік. Стакандағысуға гуашь бояуларынқосайық. Сониыменқатар суды мен сүттісалыстырыпкөрейік, су бар стақанғақасықсалайық, қасыққөрінедіме? Иә көрінеді, ал сүт құйылған стақанға қасықсалса қол көрінедіме? Жоқ көрінбейді, сондықтан судың түсі жоқ, ол – мөлдір екен.<br>*<u>Сыйқыр (фокус) көрсету:</u> (осы сәтте жай ғана музыка ойнап тұрады)Керек заттар:шикі жұмыртқа, стақан, бірнеше шай қасық тұз.*1.Стақанға таза су құйып, суға шикі жұмыртқаны саламын. Жұмыртқа су түбіне батып кетеді 2.Жұмыртқаны стаканнан шығарып қоя тұрып, стақандағы суға тұзды жақсылап ерітемін.3.Енді жұмыртқаны қайтадан осы суға саламын. Жұмыртқа суға батқан жоқ!4. Тұз судың тұздылығын арттырады. Судағытұздың мөлшері көбейген сайын оның тығыздылығы күшейіп, ол суға түскен кезкелген зат батып кетпей су бетінде қалқып жүреді. Өте жақсы балалар, ал енді барлығымыз орнымызға отырайық, міне бүгін біз сендермен су туралы көп мәлімет алдық. Ал енді осы сұрақтарға жауап беріңдерші:<br>Судың иісі, дәмі, түсі бар ма?<br>Судың қандай қасиеттері бар?<br>Қандай тәжірибе жасадық?<br>Сусыз өмірсүруге бола ма?<br>Суды күнделікті өмірде қалай пайдаланамыз?<br>Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? | - жоқ<br>-Қатты, бу, сұйық<br>- жоқ<br>- үнемдеу керек<br>- күн мен жаңбыр<br><br>- Сау болыңыздар |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Су-түссіз, бояу қосқанда өзгереді.
Игереді: Су-дәмсіз, бірақ қант қосқанда дәмі өзгереді.
Меңгереді: Судың пішіні болмайды.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 18.01.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Таза су
Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Судың қасиетін тәжірибе арқылы ұғындыру. Қоршаған ортаны қорғауға, суды ластамауға, суды үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Зерттеуге қажетті құралдарды дайындау.
Әдіс–тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, зерттеу, сұрақ– жауап.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: су, зерттеу құралдары,
Қостілдік құрам: Суйық –жидкий, су –вода, тазартқыш сүзгі – фильтр

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Көзімізді жұмамыз. Еркін отырамыз. Мен орманға бардым. Орманның табиғаты өте тамаша. Аспандағы күн біздің денемізге шуағын шашып тұр. Күн мені жылытты. Күннен ләззат алдым, орманның ауасы не деген таза. Таза ауасымен дем алдым. Айналамда сарқырап су ағып жатыр. Суға беті - қолымды жудым. Таза суынан іштім. | Су<br>Жаңбыр |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Балалар, қалай ойлайсыңдар,<br>күн, су, ауа керек па?<br>**4К:коммуникативтілік дамыту, сыни ойлау, «Бала үні»**<br>- Ия, күн, су, ауа бізге керек.<br>- Осының барлығын бір сөзбен айтқанда не дейміз?<br>- Табиғат<br>- Табиғат екіге бөлінеді: Өлі табиғат және тірі табиғат болып.<br>- Қане бәріміз қайталайық.<br>- Өлі табиғат және тірі табиғат.<br>- Өлі табиғатқа: су, ауа, жер күн, бұлт, құм, жаңбыр жатады.<br>- Ал тірі табиғатқа: адамдар,<br>құстар, өсімдіктер, гүлдер, жан - жануарлар, балықтар жатады.<br>- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын. Сендер мұқият тыңдап, шешуін табыңдар!<br>Жұмбақ<br>Аспан түстес сұйық,<br>Әркім ішер құйып. (су)<br>(Осы сәтте магнитофон арқылы жаңбырдың тамшысының тырсылы естіледі).<br>- Балалар, тыңдаңдаршы, бір нәрсе тырсылдайтын сияқты.<br>(Балалар таңырқай қарап, тыңдайды.)<br>Ғажайып сәт<br>- Бізге қонаққа Тамшы келіпті.<br>- Қане, балалар, қонақпен сәлемдесейік.<br>Тамшы: Сәлем, достар! Балалар, мен сендермен достасқым келеді. Сендер сияқты білім алып, оқығым | Балалардың жауаптары<br><br>Су<br><br>Балалар сәлемдеседі. |

| | | |
|---|---|---|
| | келеді.<br>- Тамшы, кел төрлет, біз бүгін су әлеміне зерттеу жасаймыз.<br>- Өзіңнің кім екеніңді білгің келе ме?<br>- Тамшы: Әрине білгім келеді.<br>- Ендеше сен де мұқият тыңдап отыр.<br>**Тәжірибе жасау**<br>**1."Су - мөлдір"**<br>Ортаға екі бала шығып су мен сүтке тәжірибе жасайды. Стаканға таза су және сүт құйып салыстырады. Екі ыдысқа қасық салып, қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды.<br>**4К:коммуникативтілік дамыту, сыни ойлау, «Бала үні»**<br>**Сергіту сәті:**<br>Биік болып өсеміз,<br>Жапырақтай жайқалып.<br>Ағаштарға су құйып,<br>Өсіреміз сая бақ<br><br>**2."Суда дәм жоқ"**<br><br>**3."Судың иісі жоқ"**<br>Балалардың алдына екі стакан қойылады. Оның біреуінде су, екіншісінде ванилин қосылған су құйылған. Яғни:"Судың иісі жоқ"<br><br>**4.Тәжірбие : «Құм салынған суды сүзгіден өткізіп тазарту»**<br>Су мөлдір, құм салған су – лас су. Суды тазарту үшін сүзгіден өткізу.<br>Жер асты суын осылай сүзгіден өткізу арқылы ауыз суға айналдырады.<br>Енді балалар біздің ыдысқа салып кеткен мұзымызды барып көрейік? | **Зертханалық киімдерін киеді.**<br><br>Судың өзгерістерін тамашалайды.<br><br>Қимыл-қозғалыстармен орындайды.<br><br>Балалар түтікше арқылы су ішіп дәмін көреді. Оны салыстыру үшін алма шырынын ішіп көреді.<br>Суға қант және тұз қосып дәмін татады.<br><br>Құм салынған суды 1неше рет сүзгіден өткізді.не өзгергені туралы айтып береді. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Балалар бүгін нені зеттедік?<br><br>Бүгінгі жұмыстарың ұнады ма? | Балалардың жауабы<br><br>Өте ұнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білді:** Тәжрибе жасау арқылы судың қасиеттерін білді.

**Түсінді:** Судың қасиеттерін түсінеді.

**Меңгерді:** Суда еритін, ерімейтін заттарды меңгерді.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметітің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 25.01.2022ж
Білім беру саласы: Таным
Бөлімі : Эксперимент аланы
Тақырыбы: Боялған су
Мақсаты: . Судың еріткіш қасиетін тәжірибелер арқылы түсіндіру. Қандай заттың суда еріп, қандай заттың суда ерімейтіні туралы мағлұмат беру;
Судың барлық ерекшеліктерін сипаттау: түсін, мөлдірлігін, иісін, тазалығын, жергілікті жерге тигізетін пайдасын анықтау (ауыз суға, мәдени өсімдіктерді суаруға, ішуге жарай ма, жарамайтын жақтары болса не себептен екенін анықтау)
Көрнекі құралдар: су, қант, тұз, қасық, сүт, гуашь бояулары, әр түрлі суреттер, түтікше, жұмыртқа, тұз, стақан, қар, мұз.
Сөздік жұмыс: судың қасиеті, түссіз, дәмсіз, иіссіз, қатты, сұйық, бу.

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Балалар бүгінгі біздің оқу қызметіміз суда еритін заттарға тәжірибе жасаймыз.<br>Өткен оқу қызметінде біз сумөлдір түссіз екенімен таныстық<br>. Су - еріткіш. Суда еритін және ерімейтін заттар.<br>тамақ су<br>Адам өміріне не қажет? Ауа, жарық, жылу<br><br>Су жер бетінде көп кездеседі. Сусыз тіршілік жоқ. Жер бетінің 2/3 бөлігін су алып жатыр.<br>Су табиғатта көп. Олар: өзен, көл, мұхит, теңізде бар.<br>Су табиғатта өте жақсы еріткіш | Сұрақтарға жауап береді |
| Ұйымдастырушылық,<br>ізденушілік | Тәжірбелер.<br>Білесіңдер ме судың үш қасиеті бар – сұйық, қатты, бу.<br>Стақандағы суды тоңазытқышқа қойсақ, олмұз болып қатып қалады. Ал мұзды жылы жерге қойсақ, ол еріп суға айналады. Суды шәйнекке құйып қайнатсақ, қақпағынан бу шығады, яғни бу болып ұшады.<br>Мен сендердің қолдарына мұз беремін, ұстап көріңдерші не болады екен?(балаларға мұз беру, ол ери бастайды.)<br>Мұзбен не болады? Иә дұрыс айтасыңдар ол ери бастайды, себебі біздің қолымыз жылы<br>«Түрлі түсті су» Балалардың көз алдында ыдыстағы суды тағамдық бояумен басқа түске бояңыз. Балалардың сол суға ойыншық балықтар, қалытқыдан жасалған кемелер мен қайықтарды, грек жаңғағының қабықтарын салуға рұқсат етіңіз. Кемені таяқшаның көмегімен қажетті бағытқа қарай қалай бұруға болатынын көрсетіңіз.<br>Тағы бір нұсқа «Сиқырлы қап» Балалармен бірге құрғақ тастарды қарап шығыңыз. Олармен тастардың салмағы ауыр болғандықтан судың түбіне батып кеткенін айтып түсіндіріңіз. Суда жатқан тастарды | Балалар қызыға тәжірибені жасайды.<br><br>Алақандарындағы мұзды ерігенін қызығушылықпен бақылайды.<br><br>Балалар грек жаңғаңын суға жүргізіп қарайды.<br><br>Тәрбиешімен бірге тәжірибе жасайды әр бала өз ыдыстарымен. |

| | | |
|---|---|---|
| | алып, құрғақ тастармен салыстырыңыз<br>- Суға қант салып, араластырайық. Қант еріп кетті. Су мөлдір күйінде қалды. Судың дәмі тәтті болды. Қант суда жақсы ериді.<br>- Суға бір қасық тұз салып араластыру. Тұз суда еріп кетеді. Су мөлдір күйінде қалды. Судың дәмі ащы болады. Тұз суда жақсы ериді.<br>- Стакандағы суға құм салып араластыру. Құм қиыршықтары сол қалпында стакан түбінде шөгеді. Құм суда ерімейді.<br>- Стакандағы суға саз салып араластыру. Су лайланады. Суды біраз тұндырсақ, саз түбіне шөгеді. Саз суда ерімейді. | |
| Рефлексифті түзетушілік | Өте жақсы балалар, ал енді барлығымыз орнымызға отырайық, міне бүгін біз сендермен су туралы көп мәлімет алдық. Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Ендіхалаттарымызды шешіп, қолдарымызды жуып топқа барамыз.<br>Жарайсыңдар балалар бүгінгі оқу қызметіне белсене қатысқандарыңыз | Балалар қандай әсер алғандарын айтады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Су-түссіз, бояу қосқанда өзгереді.
Игереді: Су-дәмсіз, бірақ қант қосқанда дәмі өзгереді.
Меңгереді: Судың  қасиетін менгерді

**Әдіскер** *(қолы)* **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің  конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

**Күні**: 01.02.2022ж
**Білім беру саласы:** «Таным»
**Бөлімі:** Эксперимент алаңы
**Тақырыбы:** Өсімдіктер нені жақсы көреді?
**Мақсаты:** Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін кеңейту.Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, балалардың бөлме өсімдіктерін күтуге деген машықтарын дамыту. Өсімдіктерге деген қамқорлық пен бақылай білуді дамыту. Өсімдіктерді зерттеу. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ояту.
**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:**  Өсімдіктер туралы мағлұмат беру.
**Әдіс-тәсілдері**: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, зерттеу.
**Қажетті көрнекі құралдар**: су құйылған ыдыстар,өсімдіңтердің суреттері, гүлдер, пияз.
**Қостілдік құрам**: Өсімдік –растение , гүл-цветок.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қызығушылық** | Сиқырлы Фея келеді. Балалармен амандасып , сиқырлы елінде қатты жел тұрып, гүлдерін шашып кеткенін айтады. Гүлдерді жинау. | Феямен амандасады. Қызығушылықтары артады. Гүлдерді жинап береді. |
| **Ұйымдастыру-ізденушілік** | Монтессори әдісі<br>**Д/о: «Гүлдерді жина»**<br>№1 тәжірибе : « Өсімдіктер үйдегі ауаны тазартады **».**<br>№2. Тәжірибе **: «Әр гүлдің өзіндік ерекшелігі бар»**<br>№ 3 тәжірибе: **«Өсімдіктерге су мен жарық қажет»**<br>№ 4 тәжірибе: **«Өсімдіктер де тыныс алады».**<br>**4К:коммуникативтілікті дамыту, сыни ойлау.**<br><br>**Құрылымдалған ойын: «Не қайда өседі ?»**<br>1. Бақта өсетін гүлдерді жинандар?<br>2. Дала гүлдерін табыңдар?<br>3. Бөлме гүлдерін табындар ?<br>Дұрыс бөліп қою | Түстеріне қартай гүлдерді жинау, топтастыру.<br>Өсімдіктің қасиеттерін зерттеу.<br>Гүлдердің бір –бірінен ерекшелігін қарап , ажыратады.<br>Өсімдіктерді қалай суару керегін көрсетеді.<br>Жапырақтың үстіндегі шаң тозандарды сүртіп , тазалау.<br>Бақша, дала, бөлме гүлдері деп ажыратып ,жинайды.<br>Нарғаз, көкнәр, қызғалдақ, раушан. Раушан, әсел, түймедақ, қызғалдақ, бақбақ. Бегония ,теңбілгүл ,үй шегіргүлі |
| **Рефлексивтік-түзету:** | **«Пияз тұқымын өсіреміз».** Топтағы ыдыстарға пиязды егу, оның пайдасын айту | Балалар пиязды топыраққа отырғызып ,суарады. |

**Күтілетін нәтиже:Білді:** гүлдердің түрлерін айтайды
**Түсінді:** танымдық қызығушылықтары
**Меңгерді:** өз беттерімен шешім қабылдау, тұқым отырғызуды

**Әдіскер** _Аманк_ **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 08.02.2022ж
Білім беру саласы: Таным
Бөлімі: Эксперимент аланы
Тақырыбы: «Өсімдіктер немен қоректенді?»
Мақсаты: қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету,ағаштың түрлерімен таныстыру,ағаштарды ажыратып, атай білуді қалыптастыру, еңбекті бағалай білуге,құрметтеуге тәрбиелеу.
Қолданатын құрал-жабдық: ағаштардың суреттері.
Сөздік жұмыс: өсімдіктер әлемі.
Қостілдік компонент: өсімдіктер – растения.

| Қызметтің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>*Шұғылалы Алтын Күн!*<br>*Күліп шықты ол бүгін.*<br>Балалар бүгін біз сендермен «Өсімдіктер әлеміне» саяхатқа барамыз. | Балалар тәрбиешінің көмегімен шаттық шеңберін қимылмен жасайды.<br><br>Балалар қызығушылық танытады. |
| Ұйымдастыру – шылық- іздестік | -Балаларға ағаштардың суреттерін көрсетеді.Балалар ағаштың түрлері өте көп.Олар – емен, қайың, үйеңкі, терек, шырша, жеміс ағаштары. Ағаш-тардың көп болғаны пайдалы, олар ауаны тазартады,жазда көлеңке болады.Ағаштарды орынсыз сындыр-май, түбін тазалап отырса олар әдемі болып өседі.Мына суретке қарандар-шы, топырақ ағашты берік ұстап тұрады, ал мынау – діңі.Діңінен жан- жағына бұтақтары таралған. Бұтақтар-ында жапырақтар өседі.Өсімдіктерді, ағаштарды адамдар күтіп баптайды, түбін қопсытып су құяды.Сонда өсімдіктер жақсы болып өседі.Бау – бақшада өсетін өсімдіктерді адамдар өздері егіп өнімін пысқанда жейді.<br>Мысалы: мынау алма ағашы, алма ағашында көптеген алмалар өсіп тұр.<br>Сергіту сәті:<br>*Тербеледі ағаштар*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп – кішкентай ағаштар,*<br>*Биік болып өседі.* | Балалар суреттегі ағаштарға қарайды.<br><br>Мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешіні қызыға тыңдайды.<br><br>Сөздерді қайталап, қимыл-қозғалыспен орындайды. |
| Рефлексиялық - түзетушілік | -Біз не туралы әңгімелестік?<br>-Оларға қандай күтім жасауға болады?<br>Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке белсенлді қатысқан балаларды мадақтайды. | Сұрақтарға тәрбиешінің көмегіне сүйене отырып жауап береді. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: қоршаған табиғат сұлулығын байқайды.
Игереді: өсімдіктердің әртүрлі болатынын.
Меңгереді: өсімдіктердің пайдасы туралы.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 15.02.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Адауыш тұқымдар
Мақсаты: қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету. Ағаштың, өсімдіктердің түрлерімен таныстыру. Ажыратып, атай білуді қалыптастыру.Еңбекті бағалай білуге,құрметтеуге тәрбиелеу.
Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Өсімдіктер туралы мағлұмат беру.
Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, зерттеу.
Қажетті көрнекі құралдар: су құйылған ыдыстар,өсімдіңтердің суреттері, гүлдер, пияз.
Қостілдік құрам: Өсімдік –растение , ағаш-дерево, гүл-цветок.

| **Қызметтің кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық -қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>*Шұғылалы Алтын Күн!*<br>*Күліп шықты ол бүгін.*<br>Балалар бүгін біз сендермен «Өсімдіктер әлеміне» саяхатқа барамыз. | Балалар тәрбиешінің көмегімен шаттық шеңберін қимылмен жасайды.<br><br>Балалар қызығушылық танытады. |
| **Ұйымдастыру – шылық- іздестік** | -Балаларға ағаштардың суреттерін көрсетеді.Балалар ағаштың түрлері өте көп.Олар – емен, қайың, үйеңкі, терек, шырша, жеміс ағаштары. Ағаштардың көп болғаны пайдалы, олар ауаны тазартады,жазда көлеңке болады.Ағаштарды орынсыз сындырмай, түбін тазалап отырса олар әдемі болып өседі.Мына суретке қараңдаршы, топырақ ағашты берік ұстап тұрады, ал мынау – діңі.Діңінен жан- жағына бұтақтары таралған. Бұтақтарында жапырақтар өседі.Өсімдіктерді, ағаштарды адамдар күтіп баптайды, түбін қопсытып су құяды.Сонда өсімдіктер жақсы болып өседі.Бау – бақшада өсетін өсімдіктерді адамдар өздері егіп өнімін пысқанда жейді.<br>Мысалы: мынау алма ағашы, алма ағашында көптеген алмалар өсіп тұр.<br>**4К:коммуникативтілікті дамыту, сыни ойлау.**<br>**Сергіту сәті:**<br>*Тербеледі ағаштар*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп – кішкентай ағаштар,*<br>*Биік болып өседі.*<br>Балалар қостілде айтып үйренеді: өсімдіктер – растения. | Балалар суреттегі ағаштарға қарайды.<br><br>Мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешіні қызыға тыңдайды.<br><br>Сөздерді қайталап, қимыл-қозғалыспеп орындайды.<br><br>Балалар тәрбиешімен бірге қосілде қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық - түзетушілік** | -Біз не туралы әңгімелестік?<br>-Оларға қандай күтім жасауға болады?<br>Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке белсенлді қатысқан балаларды мадақтайды. | Сұрақтарға тәрбиешінің көмегіне сүйене отырып жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** қоршаған табиғат сұлулығын байқайды.
**Игереді:** өсімдіктердің әртүрлі болатынын.
**Меңгереді:** өсімдіктердің пайдасы туралы.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылғын оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 22.02.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Жарыс
Мақсаты: Біздің жақта өсетін қарағай мен шыршаның өсуін қорғау. Дене пішіндерін қолдана отырып шырша құрастыруға дағдыландыру. Осы аймақта өсетін шырша, қарағай ағаштарының өсіуін, оны қорғау керегін түсіндіру. Мектеп жасына дейінгі балалардың тірі табиғатқа және қылқан жапырақты ағаштарға деген қамқорлыққа, қорғай білуге тәрбиелеу.
Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Өсімдіктер туралы мағлұмат беру.
Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, зерттеу.
Қажетті көрнекі құралдар: су құйылған ыдыстар, өсімдіңтердің суреттері, Ағаштар, Дьенеш
Қостілдік құрам: қарағай – сосна ,шырша – елка.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық- қозғаушы | Жасыл ине киемін ,<br>Жайлаймын тау биігін .<br>Жаңа жылды тойласаң , Төріндемін үйіңнің. | Балалар жұмбақтың жауабын айтады .<br>Шырша. |
| Ұйымдастырушы лық - ізденушілік | Бізге орман аруы шырша қонаққа келді .<br>Слайд көрсету. Шырша мен қарағай туралы көріп тамашалайды.<br>1. тәжірбие: «Тірі шыршаның инелері қандай?»<br><br>2. тәжірбие: «Шырша қанша уақыт өседі? »<br><br>3 .тәжірбие: «Қылқан жапырақты ағаш не үшін қажет?»<br>Орман аруы бізге сыйлық тастап кетті . Мерекеге арнап шырша берді . Біз шыршаны ойыншықтармен әсемдейік .<br>Дамыту ойыны: «Айырмашылығы мен ұқсастығын тап? » , «Қандай ағаш екенін ата.» Д/о: «Шырша құрастыр» Дьенеш таяқшаларынан .<br>Шыршамызға арнап моншақ жасаймыз. | Балалар қызығушылық танытады. Орман аруын көріп таң қалады.<br>Слайд қарайды.<br>Тірі шыршаның жапырағымен жасанды шырша жапырақтарын салыстырады.<br>Слайд арқылы шыршаның өсу денгейін қарайды . Баяу өсіун қадағалайды.Қарағай 100жыл өмір сүретінің айту. Табиғаттың көркі, мәңгілік жасыл болып тұратынын . Ауаны дұрыстауға қолқабыс тигізетінін айту. Орман аруынын берген сыйлығы шыршаға қуанады.<br>Суреттермен жұмыс .Қарағай мен шыршанын айырмашылығын айтады. Ұқсастығын айтады. |
| Рефлексивтік- түзету: | «Шыршаны қорғаңыз.» тақырыбына сурет салу. | Өз ойларынан суреттер салып, бояйды. |

Күтілетін нәтиже:
Білу : Қарағай мен шыршанын айырмашылығын
Болу : Өлкемізде өсетін ағаштарды қорғау керегі туралы түсініктері.
Жасай алу: Шыршаға арнап моншақтар

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні:  01.03.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Тынысалу кезіндегі судың жоғалуы.
Мақсаты: Адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып біле алады. Өкпе мен ұлпада газ алмасу процесін түсіндіріп, қорытынды жасай алады.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Адам ағзасы туралы танысу, әңгімелеу.
Әдіс–тәсілдер: көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: адам ағзасы туралы, тыныс алу макеті.
Қостілдік құрам: адам ағзасы-тело человека, тыныс алу-дыхание.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Психологиялық сергіту**<br>Балалардың назарын оқу қызметіне шоғырландыру | Балалар оқу қызметіне дайындалады. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | 1-тапсырма. «Конверт-сұрақ» әдісі. (топтық жұмыс)<br>**4К: коммуникативтілікті дамыту,сыни ойлау, командамен жұмыс.**<br>1.Ада ағзасы неден тұрады, өз ойыңды айт<br>2.Тыныс алу дегенді қалай түсінесің?<br>3.Тыныс алу мүшеләріне нелер жатады?<br>Тыныс алу жүйесін суреттер арқылы түсіндіру.<br>**-Бейне көрсетілім (Тыныс алу жүйесі)**<br>**«Модельдеу» әдісі**<br>Жұптағы  1 санды оқушылар «тыныс алу мүшелерін» рет ретімен адам ағзасына орналастырады.<br>Саралау ресурс түрін қолдану.<br>**Ширату жаттығуы:**<br>-Өкпені ауамен толтыру қалай аталады?<br>Біз жасаймыз... **(Демалу)**<br>-Өкпеден ауаны шығару қалай аталады? Біз жасаймыз**...(тыныс шығару)**<br>**-Бейне көрсетілім (Өкпе)**<br>Тәжірибе жасау.<br>Қолдан жасалған «тыныс алу» макеті арқылы тәжірибе жасау. | Топтар таңдаған конверт түсіне байланысты сұрақтарға жауап беруді меңгереді.<br><br>Балалар тыныс алу жүйесін мұқият тыңдап, қарайды.<br><br>Тапсырманы қиынсынған балаға дайын суреттер беру, ауызша түсіндіру.<br><br>Ширату жаттығуларды жасайды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Тыныс алу дегеніміз не?<br>-Тыныс алуға қандай мүшелер қатысады? | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:** Адам ағзасының құрылысын неден тұратындығы жөнінде айтуды меңгерді. Тыныс алу мүшелерін адам ағзасына орналастыра алады.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылғын оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 15.03.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Тілдің дәм білгіш зоналары»
Мақсаты: Көру, есту, дәм, иіс сезу арқылы адамдардың сезім мүшелері туралы балалардың білімдерін кенейту.Балалардың эмоциялық саласын дамыту және үйлестіру, балалардың танымдық қызығушылығын артырып денсаулықтарын сақтауға тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, зерттеу.
Көрнекіліктер: түрлі иіс (лимон, сарымсақ, парфюмерия, шоколад) және дәмдік (шоколад, маринадталған қияр, лимон) бар бұйымдар мен заттар жабықтайтын контейнерлер; әр түрлі аудио дыбыстар (жаңбыр, құстардың даусы, иттер үрген дыбысы, ән, және басқа дыбыстар.); дидактикалық ойын «Сезімдер»; адамның сезім мүшелері бар суреттер.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
| --- | --- | --- |
| Мотивациялық-қозғаушы | Балалар, бүгін бізге көп қонақтар келіпті,кәне барлығымыз амандасайық. ( балалармен әңгіме, сезім мүшелері туралы, иллюстрациялық суреттер көріп; тәжірибелер, ойындар және тыныс алу жаттығуы.), ал енді бәрін маған қарап, мені мұқият тыңдап, сөйлемді және сұрақтарға толық жауап береміз. | |
| Ұйымдастырушы лық -ізденушілік | Қандай сезім мүшелерін сендер білесіңдер?<br>Өте жақсы.Сезім мүшелері бізге айналамен таныстырады,сондықтан оларды біз «біздің көмекшілер» деп айтамыз және біз бүгін «Денсаулық сақтау институтына»атанамыз.Біз баратын инстетутта әртүрлі тәжірбиелер жасайды адамның сезім мүшелерімен.Онда біз өзіміз тәжірбие жасаушы боламыз.Онда бізге жету үшін ұшақпен ұшуымыз керек ,қазыр бәріміз қолымыздан ұстап,көзімізді жұмып ұшайық. (ұшатын ұшақтың дыбысы)<br>Енді көзімізді ашып, Денсаулық сақтау институтының келдік, мен халат киіп алайын, сендерге ғылыми жетекшісі болам,сендер зертеушінің белгісі бар значокты тағындар орындықтарға отырайық , бұл біздің алғашқы зертханамыз болып табылады.<br>Қазыр мен сендерге жұмбақ жасырам қандай сезім мүшесі екенің айтындаршы:<br>Мұнда тау, және тауларында -<br>Екі терең тесіктер.<br>Осы тесік ауаның жүр:<br>Ол жүріп, келеді.<br>(Мұрын) (жетекші-тәрбиеші суретті көрсетеді)<br>- Дұрыс айтасыз, балалар, бұл мұрын, және неге бізге мұрнын қажет?<br>Өте жақсы, сендермен тыныс алу жаттығуын жасайық (тыныс алу жаттығулары) мұрын арқылы терең дем және (3-4 рет қайталау) баяу шығарамыз . Тыныс алайық.<br>Ал енді бір ойын ойнайық «Сиқырлы- Мұрын» Кейбір өнімдер осы ыдыстарда бар. Көздеріңізді жұмып отырып сендер олардың иісін табындар ( сарымсақ, лимон, иіс су, шоколад ,дұрыс жауап беру, тексеру. Балалар иісі бар контейнерді искейді )<br>Олай болса, неге адамға мұрнын керек еді және ол | көз, құлақ, аузы, мұрны<br><br>(Мұрын)<br><br>иістерді ажырату үшін, дем алу үшін<br><br>ауырмау керек,шынығу,мұрынды тазалау,мұрынға ештене тықпау керек |

| | | |
|---|---|---|
| | қалай өмірде бізге көмектеседі?<br>Ал біз аурып қалсақ мұрынымыз иістерді сеземе?Ал енді маған жақындандар (балалар шеңберге тұрады) мұнда біздің екінші зертхана болып табылады. Мұнда қандай сезімі мүшесін зертейді екенің түсіну үшін, жұмбақ жасырамын:<br>Екі ағайынды бір баста өмір сүріпті,бірақ бір-бірін көрмейді ол не? (жетекші-тәрбиеші суретті көрсетеді)<br>Тәрбиеші: Дұрыс айтасыз, балалар, бұл құлақ ғой. Ал бізге құлағымыз не үшін қажет етеді?<br>Ойын «Дауысты ажырат.» Барлығымыз щеңберге тұрайық,ортада бір бала.Балалар қолдарынан ұстап айналады:<br>Аружан (Арман, Наргиз)<br>Сен шеңбердің ортасында тұрсын,<br>Біз сені «Ай!» деп шақырамыз<br>Сен көзінді жұм ,<br>Кім шақырды тауып айтшы.<br>Көзін қолымен жауып, ойыншылардың бірі оның есімін шақырады. (ойын 3 рет жүргізіледі) атаған дауыс анықтау керек.<br>Дұрыс айтасыз, балалар, бұл көз, және олбізге не үшін қажет ? Дұрыс айтасыз, мен енді бұл солай ма екенің тектерейік. Барлығымыз көзімізді жабамыз (мұғалімі түрлі қозғалыс жасайды) сендерге көрсетіп болғанша ашпаңыз.. Көзіңізді енді ашыңыз.. Неге сендер көре алмадындар ?<br>Тәрбиеші: Ал орындықтарға отырайық, енді біз соңғы зертханада кедік, Бұл зертханада немен айналысады екенін білу үшін тағы жұмбақ жасырамын :<br>Оған болған жоқ болса,<br>Мен ештеңе айта алмаймын. (Тіл)<br>Тәрбиеші: : Дұрыс айтасыз, балалар, бұл тіл болып табылады, және ол не үшін бізге қажет?<br>Тәрбиеші: : Ойнайық. Біз дәм татуға, дәмді анықтау? Балалар көз жұмып, тәрбиеші әр түрлі дәмі бар өнімдерді береді. Балалар,кімде тәтті дәмі бар еді, қолыңызды көтеріп жауап береміз? (Сондай-ақ тұзды және қышқыл дәмі бар) | дыбыстарды есту, тыңдау үшін)<br><br>көруге және теледидар көруге, кітап оқуға |
| Рефлексивтік- түзету: | Сонымен, біз оралдық. Денсаулық сақтау институттары сендерге ұнады ма балалар? Яғни, біз бүгін зерханада не зерттедік? Неге бізге олар қажет? Дұрыс айтасындар Сезімдер айналамыздағы әлемді білу үшін бізге көмектеседі, біз, «біздің көмекшілерге» қамқорлық жасауымыз, шынығу,дене тәрбиесімен айналасуымыз керек. Зертханалық белгішелері өзіңізге Денсаулық сақтау институтының жақсы жұмыс істегендерін үшін өздерінде сақтандар. | сезім мүшелері, құлақ, көз, мұрын, тіл |

Күтілетін нәтиже:
Білу : Көру, есту, дәм, иіс сезу арқылы адамдардың сезім мүшелері туралы біледі.
Болу: Дәм  сезу мүшелерін ажырата алады
Жасай алу: Тәжірибе барысында еркін жұмыстана алады.

**Әдіскер** *[signature]* **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

**Күні:** 29.03.2022ж
**Білім беру саласы:** «Таным»
**Бөлімі:** Эксперимент алаңы
**Тақырыбы:** «Иіспен анықтау»
**Мақсаты:** Адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып біле алады. Иіспен анықтауда қалай анықтау керектігін тәжірибе арқылы көрсете алады.
**Алдын– ала жүргізілетін жұмыс:** иіспен қалай анықтайды, әңгімелеу.
**Әдіс–тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
**Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар**: суреттер.
**Қостілдік құрам:** иіс-запах.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Психологиялық дайындық.<br>Қоршаған орта, табиғат<br>Жануар, өсімдік, адамзат<br>Оны қорғау- парасат,<br>Білейік мұны, жамағат. | Балалар оқу қызметіне дайындалады. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Ой шақыру.<br>1.Сезім мүшелерін ата?<br>2.Көру мүшесі не?<br>3.Көздің қорғанышы не?<br>4.Есту мүшесін ата?<br>5.Құлақ қайда орналасқан?<br><br>Жұмбақ жасыру.<br>1.Алқапта бар биік тау,<br>Алды тік жар, қиық тау<br>Қос үңгірді желдетіп,<br>Ауа жұтар селдетіп.<br><br>**4К: коммуникативтілікті дамыту, сынп ойлау. «Бала үні»**<br>Мұрын-иіс сезу мүшесі. Адам әртүрлі иісті мұрынмен сезіп ажыратады.<br>Мысалы жуаның, алманың иісін анықтай аламыз. Сонымен қатар мұрын «тынысалу» қызметін атқарады.<br>Суық тиген адам тұмауға шалдығады, иіс сезу қабілеті нашарлайды.<br>Сергіту сәті.<br><br>Суретпен жұмыс: «Иіспен анықтау»<br>Бұдан кейін адам бірден ағзаға зияндығын біліп жемеуге тырысады. | Мүшелерді естеріне түсіріп, атқаратын қызметтерін айтады.<br><br>Жұмбақтың шешімін табады.<br><br>Балалар тәрбиеші тындап, мағлұмат алады.<br><br>Сергіту сәтін орындайды. |
| **Рефлексивті-** | -Балалар, бүгінгі оқу қызметінде немен | Сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| **түзетушілік** | таныстыңдар?<br>-Тыныс алу дегеніміз не?<br>Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау. | |

**Күтілетін нәтиже:** Мүшелер туралы әңгімелеп айта алды. Тыныс алу мүшелерін адам ағзасына орналастыра алады.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 05.04.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Дауыс қайдан шығады?»
Мақсаты: Көру, есту, дәм, иіс сезу арқылы адамдардың сезім мүшелері туралы балалардың білімдерін кенейту.Балалардың эмоциялық саласын дамыту және үйлестіру, балалардың танымдық қызығушылығын артырып денсаулықтарын сақтауға тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, зерттеу.
Көрнекіліктер: түрлі иіс (лимон, сарымсақ, парфюмерия, шоколад) және дәмдік (шоколад, маринадталған қияр, лимон) бар бұйымдар мен заттар жабықтайтын контейнерлер; әр түрлі аудио дыбыстар (жаңбыр, құстардың даусы, иттер үрген дыбысы, ән, және басқа дыбыстар.); дидактикалық ойын «Сезімдер»; адамның сезім мүшелері бар суреттер.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балалар, бүгін бізге көп қонақтар келіпті,кәне барлығымыз амандасайық. ( балалармен әңгіме, сезім мүшелері туралы, иллюстрациялық суреттер көріп; тәжірибелер, ойындар және тыныс алу жаттығуы.), ал енді бәрін маған қарап, мені мұқият тыңдап, сөйлемді және сұрақтарға толық жауап береміз. | |
| Ұйымдастырушы лық -ізденушілік | Қандай сезім мүшелерін сендер білесіңдер?<br>Өте жақсы.Сезім мүшелері бізге айналамен таныстырады,сондықтан оларды біз «біздің көмекшілер» деп айтамыз және біз бүгін «Денсаулық сақтау институтына»атанамыз.Біз баратын инстетутта әртүрлі тәжірбиелер жасайды адамның сезім мүшелерімен.Онда біз өзіміз тәжірбие жасаушы боламыз.Онда бізге жету үшін ұшақпен ұшуымыз керек ,қазыр бәріміз қолымыздан ұстап,көзімізді жұмып ұшайық. (ұшатын ұшақтың дыбысы)<br>Енді көзімізді ашып, Денсаулық сақтау институтының келдік, мен халат киіп алайын, сендерге ғылыми жетекшісі болам,сендер зертеушінің белгісі бар значокты тағындар орындықтарға отырайық , бұл біздің алғашқы зертханамыз болып табылады.<br>Қазыр мен сендерге жұмбақ жасырам қандай сезім мүшесі екенің айтындаршы:<br>Мұнда тау, және тауларында -<br>Екі терең тесіктер.<br>Осы тесік ауаның жүр:<br>Ол жүріп, келеді.<br>(Мұрын) (жетекші-тәрбиеші суретті көрсетеді)<br>- Дұрыс айтасыз, балалар, бұл мұрын, және неге бізге мұрнын қажет?<br>Өте жақсы, сендермен тыныс алу жаттығуын жасайық (тыныс алу жаттығулары) мұрын арқылы терең дем және (3-4 рет қайталау) баяу шығарамыз . Тыныс алайық.<br>Ал енді бір ойын ойнайық «Сиқырлы- Мұрын» Кейбір өнімдер осы ыдыстарда бар. Көздеріңізді жұмып отырып сендер олардың иісін табындар ( сарымсақ, лимон, иіс су, шоколад ,дұрыс жауап беру, тексеру. Балалар иісі бар контейнерді искейді ) | көз, құлақ, аузы, мұрны<br>(Мұрын)<br>иістерді ажырату үшін, дем алу үшін<br>ауырмау керек,шынығу,мұрынды тазалау,мұрынға ештене тықпау керек |

| | | |
|---|---|---|
| | Олай болса, неге адамға мұрнын керек еді және ол қалай өмірде бізге көмектеседі?<br>Ал біз аурып қалсақ мұрынымыз иістерді сеземе?Ал енді маған жақындандар (балалар шеңберге тұрады) мұнда біздің екінші зертхана болып табылады. Мұнда қандай сезімі мүшесін зертейді екенің түсіну үшін, жұмбақ жасырамын:<br>Екі ағайынды бір баста өмір сүріпті,бірақ бір-бірін көрмейді ол не? (жетекші-тәрбиеші суретті көрсетеді)<br>Тәрбиеші: Дұрыс айтасыз, балалар, бұл құлақ ғой. Ал бізге құлағымыз не үшін қажет етеді?<br>Ойын «Дауысты ажырат.» Барлығымыз щеңберге тұрайық,ортада бір бала.Балалар қолдарынан ұстап айналады:<br>Аружан (Арман, Наргиз)<br>Сен шеңбердің ортасында тұрсын,<br>Біз сені «Ай!» деп шақырамыз<br>Сен көзінді жұм ,<br>Кім шақырды тауып айтшы.<br>Тәрбиеші: Тағы да, сендер дұрыс айтындар ! Енді тексереик не істеукерек, неістемеу керек екенін біздің « көмекшілер» ауырмау,сау болу үшін. (дидактикалық «Сезімдерді» ойын) көрейік.<br>Тәрбиеші: Енді көрейік сендер тапсырманы дұрыс орындадындарма?құлағымыз ауырмау үшін (Балалардың жауабы, картамен тексеріп), жәнекөзіміз ауырмау үшін ? (Балалардың жауабы). Өте жақсы балалар!<br>- Сендер Денсаулық сақтау институтында барлық міндеттерді орындады, бірақ бізге балабақшаға қайтуымыз қажет . Көзіңізді жабамызда, қайтадан ұшақпен ұшып топқа келеміз (музыка) . | дыбыстарды есту, тыңдау үшін) |
| Рефлексивтік- түзету: | Сонымен, біз оралдық. Денсаулық сақтау институттары сендерге ұнады ма балалар? Яғни, біз бүгін зерханада не зерттедік? Неге бізге олар қажет? Дұрыс айтасындар Сезімдер айналамыздағы әлемді білу үшін бізге көмектеседі, біз, «біздің көмекшілерге» қамқорлық жасауымыз, шынығу,дене тәрбиесімен айналасуымыз керек. Зертханалық белгішелері өзіңізге Денсаулық сақтау институтының жақсы жұмыс істегендерін үшін өздерінде сақтандар.<br>Балалар келген қонақтармен қоштасу . | сезім мүшелері, құлақ, көз, мұрын, тіл |

Күтілетін нәтиже:
Білу : Көру, есту, дәм, иіс сезу арқылы адамдардың сезім мүшелері туралы біледі.
Болу: Дәм сезу мүшелерін ажырата алады
Жасай алу: Тәжірибе барысында еркін жұмыстана алады.

**Әдіскер** [signature] **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 12.04.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Неге бәрі естіледі?»
Мақсаты: Есту мүшесінің қызметі жайлы біледі. Құлақтың құрылысымен танысып, оның гигиеналық ережелерін сақтай алады. Қоршаған ортаны есту арқылы танып-біледі.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: Мүшелер қызметі туралы әңгімелесу.
Әдіс–тәсілдер: көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: адам ағзасы туралы суреттер.
Қостілдік құрам: Құлақ-ухо, есту-слышать.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Орнымыздан тұрайық, жылы жүзбен.<br>Бізге келсін қуаныш нұр іздеген.<br>Шуақ толған жанымыз жүрегіміз.<br>Үлгі алсын, көрген жан мына бізден! | Балалар оқу қызметіне дайындалады. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Сұрақ-жауап:<br>-Көз қандай мүше?<br>-Көзді дұрыс күте білудің ережесін айту.<br>-Иіс сезу мүшесі қалай аталады?<br>Иістерді қалай сеземіз?<br>**4К: командамен жұмыс, коммуникативтілікті дамыту.**<br>Сергіту сәті:<br>Үнтаспадан құстың дыбыстарын естиді. Балаларға сұрақтар қойылады.<br>Не естідіңдер? Бұл ненің дыбысы? Оны қандай сезім мүшесі арқылы аңғардыңдар?<br>Ендеше, біздің оқу қызметіміздің тақырыбы: Құлақ-есту мүшесі.<br>Көршіме айтамын әдісі.<br>Құлақ туралы не білеміз?<br>**4К:сыни ойлау, коммуникативтілікті дамыту.**<br>Сергіту сәті:<br>Біз әртүрлі дыбыстарды, шуды, музыканы, құстардың әнін, көптеген сан алуан дыбыстарды құлақпен естиміз. Дыбыстарды тыңдау арқылы біз айналада не болып жатқанын білеміз. Құлақ-құлақ қалқаны бастың екі жақ жанында орналасқан. Біз сонда екі жақтан да шығатын дыбыстарды қабылдаймыз.<br>Әр топқа суреттер беріледі. Сол суреттерді екі топқа бөлеміз. Яғни суреттердің қайсысын көз арқылы көреміз. Ал қай суреттерді көзбен көрмей -ақ дыбысы арқылы ажырата аламыз.<br>**Қостілдік құрам:** құлақ-ухо. | Балалар түстер бойынша топқа бөлінеді.<br><br>Топтар бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыланады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Құлақ туралы ақпарат тыңдайды.<br><br>Балалар дыбыс арқылы ажырата алатын затты табады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қайталайды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Балалар бүгінгі оқу қызметінде немен таныстыңдар?<br>-Оқу қызметі бойынша сұрақтар қою. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:** Есту мүшесінің қызметі жайлы білді. Қоршаған ортаны есту арқылы танып білді.

**Әдіскер** Ниманх **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылғын оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 19.04. 2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Жанғырық қайдан шығады?»
Мақсаты: Дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігін түсіндіру
Алдын ала жүргізілетін жұмыс: .
Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, зерттеу.
Көрнекіліктер: Дыбысқа байланысты суреттер, құралдар
Қостілдік құрам: дыбыс -звук

| Кезеңдер | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Сұрақтар:<br>- Ненің дыбыстарын естідіңдер?<br>- Бұл дыбыстарды қандай белгілері бойынша бөлуге болады?<br>- Тағы ненің дыбыстарын күнделікті жиі естиміз?<br>- Қандай музыкалық аспаптарды білесіңдер? | Балалар сұрақтарға жауап береді. |
| Ұйымдастырушы лық - ізденушілік | Сұрақтар:<br>1. Дыбыс деген не?<br>2. Қандай заттар дыбыс шығарады?<br>3. Қандай дыбыстар болады?<br>4. Дыбыс бірдей жылдамдықпен тарай ма?<br>Жауаптар:<br>А) сағат, телефон, жел, гитара, найзағай, қоңырау<br>Ә) Адамзат дыбыс дүниесінде өмір сүреді. Біз адамдардың дауысын, құстың сайрағанын, музыкалық аспаптарының дыбысын, теңіз толқындарының шуылын, күн күркіреуін естиміз. Жұмыс істеп тұрған машиналар,қозғалған транспорт және көптеген басқа заттар дыбыс шығарады. Дыбыс дегеніміз – дыбыс көзінен құлағымызға берілетін ауадағы не басқа ортадағы тербелістер<br>Б) Дыбыс газда, сұйықтарда, қатты денелерде әртүрлі жылдамдықтармен тарайды.<br>В) Дыбыс көздері табиғи және жасанды болып екіге бөлінеді. Табиғи дыбыс көздеріне мыналар жатады: жарылыс, найзағай, жел, толқын, ал жасанды дыбыс көздеріне гитара, сирена, қоңырау дыбыстары жатады.<br>1. Дыбыстар қалай таралады?<br>- Неге тыңшы құлағын жерге төседі?<br>- Теңіз жануарлары бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайды?<br>- Делфьин басқа дельфиндер шығаратын дыбысты 10 км қашықтықтан ести алады, себебі дыбыс ауаға қарағанда суда тез | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>сағат, телефон, жел, гитара, найзағай, қоңырау<br><br>Назарлары тәрбиешіде болады |

| | | |
|---|---|---|
| | таралады және жақсырақ естіледі.<br>- Неге дәрігер науқастың жүрек соғуын тыңдау кезінде фонендоскопты пайдаланады? Дыбыс қатты дене арқылы таралғанда ол қатты естілетініне назар аударту.<br>2. Жоғары – төмен. Оқушыларға домбыра не гитара көрсету. Олардың ішектері туралы не білетіндерін сұрау. Әрбір ішектің шығаратын дыбысын тыңдату. Алдымен гитараның жуан ішегін, сосын жіңішке ішегін шерту. | |
| Рефлексивтік- түзету: | - Дыбыстардың қандай айырмашылығы бар? Дыбыстың түрлері көптеген себептерге байланысты. Жуандығы әртүрлі денелердің тербелуінен дыбыстың пайда болуын көрсету.<br>- Маса мен зауза қоңызының суреттерін көрсету.<br><br>- Масалар мен зауза қоңыздар ұшқан кезде дыбыс шығарады. Бұл дыбыс қайдан пайда болады?<br>- Олардың дыбысы қалай ерекшеленеді?<br>- Оның қанат қозғалысының жиілігіне қатысы бар ма? Болса, қандай?<br>- Қандай жәндік ең биік дыбыс шығарады? Дыбыстың биіктігі дыбыс көзінің тербелу жиілігіне байланысты болатынына баса назар аударту.<br>3. Зертте. Дене мөлшері мен шығатын дыбыс биіктігі арасындағы байланыс пен дыбыс қаттылығының қашықтыққа байланысына эксперимент жасау. Аспаптардың әрқайсысы дыбыс биіктігінің зат мөлшеріне байланыстылығын көрсету. | |

Күтілетін нәтиже:
Білу : Дыбысты айыра біледі
Үйрену: Тәжірибені жасау бағытын үйренеді
Жасай алу: Аспаптардың әрқайсысы дыбыс биіктігінің зат мөлшеріне байланыстылығын жас ай алады

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

**Күні**: 26.04. .2022ж
**Білім беру саласы:** «Таным»
**Бөлімі:** Эксперимент алаңы
**Тақырыбы:** Ән шырқау.
**Мақсаты:** Дауыс, дыбыс туралы біледі. Әнді мұқият тындай отырып, сипатын ажыра алады. Бірге ән салып, ән ырғағын дәл сақтап орындай алады.
**Алдын– ала жүргізілетін жұмыс:** Ән тындау.
**Әдіс–тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
**Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар**: суреттер.
**Қостілдік құрам:** дауыс-голос.

| **Қызмет кезендері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Біз-көңілді баламыз.<br>Өнер қуған дарамыз.<br>Әнге салып әдемі.<br>Би де билеп аламыз. | Балалар оқу қызметіне дайындалады. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Ой қозғау. Балаларға әнге қатысты бірнеше сұрақтар қояды. Әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды. Ән, әуен сөздерінің орыс тіліндегі аудармасын қайталатып, үйретеді.<br>Әнді кім шығарады?<br>-Қандай сазгерлерді білеміз?<br>-Әннің сөзін кім жазады?<br>-Әнді орындайтын адамды кім дейміз?<br>-Қандай ырғақтағы әндерді білеміз?<br>**4К:коммуникативтілікті дамыту, «Бала үні»**<br>Балалардың назарын «ақылды тақтаға аударады.<br>Сергіту сәті:<br>«Бұл үйдегілер не істеуде?» муз.дид. ойынын ойнауға шақырады. Ойын шарты бойынша әртүрлі сипаттағы әуендерді ойнап, «үйдегілердің» қандай іс-әрекет үстінде екенін табуды сұрайды.<br>Жауаптары дұрыс болған жағдайда көңілді әуен ойнатылатынын айтады.<br>Жаттығуларды бірүнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді.<br>«Музыкалық баспалдақ» арқылы жаттығу жасатады, | Сұрақтарға жауап береді<br><br>Өз ойларын айтады. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Балалар бүгінгі оқу қызметінде немен таныстыңдар?<br>-Оқу қызметі бойынша сұрақтар қою. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:** Әннің сипатын ажырата алды, бірге ән салып, ән ырғағын дәл сақтап орындай алды.

**Әдіскер** Аманк **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні: 03.05.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: «Сымсыз  телефон»
Мақсаты: Балаларды байланыс құралдарының түрлерімен таныстырып, олардың атауларын меңгерту. Құралдарды пайдалану ережелерімен таныстыру.
Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, зерттеу.
Көрнекіліктер:  телефон, ұялы телефон, радио, компьютер, рация, пошта жәшігі.
Қостілдік құрам: байланыс құралдары-средство связи, телефон-телефон, ұялы телефон-сотовый телефон, радио-радио, пошта жәшігі-почтовый ящик.

| Кезеңдер | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Шаттық шеңбері:<br>Сәлем дейміз достарға,<br>Сәлем дейміз құрдасқа.<br>Сәлем дейміз ұстазға,<br>Сәлем дейміз қонаққа.<br>Айымыз ашық болсын!<br>Туымыз биік болсын!<br>Халқымыз тату болсын!<br>Балалар аман болсын!<br>-Балалар кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінде неше ай бар?<br>-3 айды атап айтып берейікші?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Апта күндерін атайық? | Балалар шаттық шеңберін орындайды<br><br>Сұрақтарға жауап береді |
| Ұйымдастырушы лық - ізденушілік | Байланыс құралдарына- радио, телефон, ұялы телефон, компьютер, рация, пошта жәшігі жатады.<br>Байланыс құралдары — екі жақты байланыс орнатуға арналған.<br>Радио: сымсыз байланыстың бір түрі.Радио байланыстың қасиеті-әуе толқындары арқылы хабарларды аса шалғайға сымсыз әдісімен жеткізу.Компьютер:адамдар сабақ жазады,хат алысады,ойын ойнайды. Қазіргі таңда компьютер адамдарға ең қажет байланыс құралы .<br>Телефон: бұрынғы сымды байланыс құралы,бұл сымды байланыс құралы арқылы адамдар бір-бірімен байланысқа шығып,хал – жағдайларын сұрасып тұратын болған.Телефонды алған кезде әуелі амандасып,сөйлесіп болған соң қоштасып,телефон тұтқасын тетіктің үстіне кейін қояды. Қазіргі дамыған заманға сай әр адам өз қалтасына салып жүретін байланыс құралы сымсыз ұялы телефон.Телефон арқылы біз бір-бірімізге көмек қолын созып көмектесіп тұрамыз. Ғажайып сәт: қоян келеді.<br>Қоянның іші ауырып,бізден көмек сұрап келеді.<br>Қоянға көмектесемізбе? | радио, телефон, ұялы телефон, компьютер, рация, пошта жәшігі<br><br>Ия<br><br>Дәрігерді<br><br>Телефонды |

| | | |
|---|---|---|
| | Осы кезде Ақерке телефон байланыс құралын пайдалана отырып жедел жәрдем шақырады. Дәрігер келіп қоянды қарап,өзімен бірге алып кетеді.Тәрбиеші:балалар біз қоянға көмектестік.<br>-Қоянға көмектесу үшін кімді шақырдық?<br>-Біз дәрігерді шақыру үшін қандай байланыс құралын пайдаландық.<br>-Балалар біз бүгін лэпбукпен жұмыс жасаймыз,мен сендерге лэпбуктарыңды таратып берейін. Сергіту сәті:<br>(видео ролик)<br>Лэпбукпен жұмыс.<br>Билингвальді компонент:байланыс құралдары-средство связи,телефон-телефон, ұялы телефон-сотовый телефон, радио-радио, пошта жәшігі-почтовый ящик,рация-рация.<br>Қорытынды: | Сергіту сәтін орындайды |
| Рефлексивтік- түзету: | Бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу қызметімізде қандай тақырыппен таныстық?<br>-Байланыс құралдарына нелер жатады?<br>-Олардың қандай пайдасы бар?<br>-Олардың зияны қандай екен?<br>Мадақтау,марапаттау. | радио, телефон, ұялы телефон, компьютер, рация, пошта жәшігі |

Күтілетін нәтиже:
Білу : байланыс құралдары туралы
Үйрену: байланыс құралдарын пайдалануды
Жасай алу: олардың атауларын,пайдасы мен зиянын:

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

**Күні:** 17.05.2022ж
**Білім беру саласы:** «Таным»
**Бөлімі:** Эксперимент алаңы
**Тақырыбы:** Ақ пен қара.
**Мақсаты:** Қоршаған ортадағы ақ және қара түсті хаттарды ажырата алады. Дидактикалық ойынға қатысып, заттарды көлеңкесі бойынша таба алады. Топпен жұмыста біледі.
**Алдын– ала жүргізілетін жұмыс:** түстерді атау.
**Әдіс–тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
**Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар**: түрлі заттар мен суреттер.
**Қостілдік құрам:** ақ-белый, қара-черный.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | «Жүректен-жүрекке» шеңбері.<br>Әрбір еркелетіп айтатын есім гүлге ұқсайды. Гүлдердің бәрі әдемі: раушан да, қызғалдақта, бәйшешек те-бәрі өзінше керемет, бәрі де адамға қуаныш сыйлайды. Біздің есімізде де осындай керемет.<br>**4К: креатив, коммуникативтілікті дамыту.** | Балалар бір-бірінің есімдерін гүлге теңеп, жылы тілектер айту арқылы өз өздерін ортада ұстай алу дағдылары қалыптасады. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Бүгінгі оқу қызметімізді бастамас бұрын екі топқа бөлінуіміз керек. Ол үшін ұнаған суреттерді таңдау арқылы «Ақ» және «қара» топқа бөлінесіңдер.<br>-Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз «Ақ» және «қара» түстерге байланысты болмақ.<br>Сұрақ-жауап:<br>-Қорщаған ортадағы қара түсті заттарды атаңдар.<br>-Ақ түсті заттарды атаңдар?<br>-Ақ түсті елестеткенде көңіл күйлерің қандай болады?<br>-Ал қара түсті ше?<br>**4К: Командамен жұмыс, сыни ойлау, коммуникативтілікті дамыту.**<br>Дидактикалық ойын: «Не жасырылған?»<br>Мақсаты: жасырылған затты көлеңкесіне қарай отырып таба алады.<br>**Педагогтің жетекшілігімен ойын, креатив.**<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір, екі-еңкей<br>Бүгілмесін тізең<br>Үш-төрт шалқай<br>Иілмесін тізең.<br>Қолды көтер аспанға<br>Саусақты сөз, жасқанба<br>Топпен жұмыс<br>Топтарға тапсырма: «Ақ» және «қара» | Балалар топтарға бөлінеді.<br><br>Балалар топ бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыланады.<br>Сұрақтарға сыни тұрғыдан ойланып, креативті жауап беруге тырысады.<br><br>Балалар жасырылған затты тәрбиеші жетекшілігімен табу дағдылары қалыптасады.<br><br>Балалар жасырылған затты тәрбиеші жетекшілігімен табу.<br><br>Балалар топ бойынша жұмыстануға үйренеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | түстерден композиция құрастыру.<br>**4К:командамен жұмыс. «Бала үні»**<br>Қостілдік құрам: ақ-белый, қара-черный. | |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Балалар бүгінгі оқу қызметінде не туралы болды?<br>-Оқу қызметі бойынша сұрақтар қою.<br>Топтар бір-бірінің жұмыстарын бағалайды. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:** Әннің сипатын ажырата алды, бірге ән салып, ән ырғағын дәл сақтап орындай алды.

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні. 24.05. 2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Бәрі жарық күн сәулесі
Мақсаты: Күн сәулесінің барлығын жылытатынын туралы білімдерін кеңейту. Күн сәулесіз тіршілік жоқ екенін түсіндіру.
Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Жер бетіндегі тіршілік атаулының негізі қайнар көзі – күн жайлы түсінік беру. Күн – табиғи дәрі, оны белгілі бір ережемен қабылдау мен қолдану жолдарын балаларға үйрету
Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын, зерттеу.
Көрнекіліктер: жер шары, күн ойыншығы, айналар, түрлі-түсті қағаздар, өсімдіктер

| Іс-әрекет кезені | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| І кезең- мотивациялық-қозғаушы | Балалар, шаттық шеңбердің бойында түріп, сәлемдесіп алайық.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жайнай түссін даламыз.<br>Қайырлы таң қонақтар,<br>Қайырлы таң достарым.<br>Осылай ақ, балалардың жақсы көніл – күй туғызу жолдарын ұсынады.<br>Балалар деніміз сау және күшті болып өсу үшін не керек? | Күлімсіреп көнілді болады.<br>Өлең жолдарын айтып, таңғы шеңбер жасайды.<br><br>Қойылған сұрақтарға жауап беріп,деніміз сау болу үшін не істеу керектігін айтады. |
| ІІ кезең- Ұйымдастырушылық ізденушілік | Табиғаттың адам денсаулығына қажетті үш байлығын естеріне түсіреді. Сонан соң терезенің жанына барып, ашық тұрған желдеткішке қарап, балалардын терең тыныс алып, дем шығаруларын сұрайды. Бұл тыныс алу жаттығуларын денсаулыққа пайдалы екенін айтып өтеді<br>Жұмбақ жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан (күн)<br>Күннің жарығы көрінетін және көрінбейтін шуақтардан тұрады. Көрінбейтін шуағына ультра күлгін шуағы жаттады. Міне солардын әсерінен біздін терімізде адам ағзасы үшін маңызды «Д» дәрумені бар. Яғни күн шуағы осындай аурулардын алдын алады.<br>Күнге ұзақ күюге болмайды.<br>Күйік алуын мүмкін.<br>Күншуағына ұзақ қыздырынба, күн екпіні өтіп кетеді.<br>Күннің астында бас киімсіз ұзақ жүрме.<br>Күн- табиғи дәрі. | Балалар күнге қарай қолдарын созып төмендегі сөздерді айтады:<br>Күдіретті күн, мен сені жақсы көремін,<br>Күдіретті күн, мен сенен өтінемін.<br>Күдіретті күн, маған тыныштық пен қайырымдылық бере гөр,<br>Күдіретті күн, маған денсаулық пен жылулық сыйла.<br><br>Жұмбақтың шешуін табады.<br><br>Күн шуақтары туралы кенесті тындап білімдерін тереңдетеді.<br>Балалар кілемшенің үстіне денелерін босаңсытып, қолдарын төмен созып, көздерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | жұмып жатуға нұсқау жасайды. Өздерін құмның үстінде күн шуағына қыздырынын жатқандай сезінеді. |
| III кезең- рефлексивті-түзеуші | Ал балалар тұрындар, үлкен шеңбер құрындар.<br>Көңіл күйлерін қандай?<br>Бүгінгі сабақта сендер қандай жаңалық алдындар?<br>Сабақтың ең ұнаған сәті болдыма? | Қойылған сұрақтарға толық жауап бере отырып, ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылайды |

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады: Жер бетіндегі тіршілік атаулының негізі қайнар көзі – күн Табиғаттың адам денсаулығына қажетті үш байлығын естерінде сақтау білу.Денсаулыққа пайдалы тыныс алу жатығуларын ұқыпты орындау үйрену.
Түсінеді: Табиғат байлығы туралы түсінік болу. Күн сәулесінің барлығын жылытатынын туралы білімдерін
Қолданады: Күн – табиғи дәрі, оны белгілі бір ережемен қабылдау мен қолдану жолдарын

**Әдіскер** **Аманшиева С.Ш.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**
**«Балапан» ересек тобы**

Күні:  31.05.2022ж
Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: Эксперимент алаңы
Тақырыбы: Кемпірқосақ
Мақсаты: Балалар кемпірқосақ туралы әңгімелей алады. Оның пайда болу жолын айтып, түстерін ажырата біледі. Тәжірибе жасау арқылы кемпірқосақтың пайда болуын түсіндіре алады.
Алдын– ала жүргізілетін жұмыс: кемпірқосақ суретін салғызу.
Әдіс–тәсілдер: көрсету, түсіндіру, тәжірибе.
Көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтар: кемпірқосақ түстері, түрлі түсті қарындаш, су, түрлі түсті кәмпиттер.
Қостілдік құрам: кемпірқосақ-радуга

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Алақанды ұрайық,<br>Күлімдесін күн де.<br>Күлімдейік біз де<br>Алақанды ашайық<br>Күннің нұрын салайық<br>Таза ауаны жұтайық<br>Жүрекке жылу сыйлайық. | Балалар шаттық шеңберін құрып, жылы сөздерді қайталайды. |
| **Ізденушілік Ұйымдастыру-шылық** | Сұрақ-жауап:<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем айларын атап беріңдерші?<br>-Не себепті көктемде бүршік атып, жерге көк шығады.<br>-Еріген қар қайда кетеді деп ойлайсыңдар?<br>**4К:Коммуникативтілікті дамыту, сыни ойлау, «Бала үні»**<br>(Сайқымазақ жүгіріп кіреді)<br>Сайқымазақ:<br>Мен кемпірқосақты іздеп жүр едім. Енді қайттым.<br>Тәрбиеші: Сайқымазақ сен алаңдама, кемпірқосақ қазір көрінбейді, өйткені ол жазда болатын құбылыс. Бірақ бүгін біздің балалар саған кемпірқосақтың суретін салып береді.<br>**4К:креатив, «Бала үні»**<br>Ал сендер кемпірқосақтың қайдан шығатынын білесіңдер ме?<br>Ол қай кезде пайда болады?<br>Балалар жазда не көп жауады?<br>Дұрыс,жаңбыр.<br>Жаңбырдан соң доға тектес 7 түсті кемпірқосақ пайда болады.<br>Мөлдіреп моншақ шашылды. | Балалар сұраққа жауап береді.<br><br>Балалар кемпірқосақ суретін өз беттерінше салу арқылы қиялдары дамып, өзіндік әрекет көрсете алады.<br><br>Слайд арқылы кемпірқосақ туралы мәлімет көрсету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте,кызыл,жасылды.<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Кемпірқосақ қайдан пайда болады деген сұраққа мына слайд арқылы жауап іздейік.<br>Сергіту сәті:<br>Тәрбиеші: Көрдің бе Сайқымазақ біздің балалар суретті жақсы салады. Ендігі кезекте біздің балаларымыз кемпірқосақ бейнесін тәжірибе жасау арқылы көрсетеді.<br>Тәжірибеге керек заттар: түрлі-түсті кәмпиттер, су, ыдыс.<br>Сайқымазақ қоштасып, алғысын білдіреді.<br>Келген қонақтарға «Сау болыңыз» дейміз.<br>**Қостілдік құрам:** кемпірқосақ-радуга | Түрлі-түсті кәмпиттермен тәжірибе жасап, кемпірқосақ бейнесін шығару.<br><br>Қайталайды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Немен таныстық?<br>-Кемпірқосақ көбіне қай жыл мезгілінде шығады?<br>-Неше түстен тұрады?<br>-Оқу қызметінде не ұнады? | Оқу қызметін сұрақтарға жауап беріп қорытындылайды. |

**Күтілетін нәтиже:** Жаңбыр, кемпірқосақ туралы мағлұматты біледі. Кемпірқосақтың суретін салуды меңгерді. Тәжірибе жасау арқылы кемпірқосақ бейнесін шығара алды.

**Әдіскер** Амантk **Аманшиева С.Ш.**